

Жаһандық диалог ^{6.2}

Жылына 4 рет 16 тілде шығады

У.Э.Б. Дю Буаның
оралуы

Элдон Моррис

Әлеуметтік қозғалыстарды
зерттеудегі плюрализм

Донателла делла Порта

Араб әлеміндегі
әлеуметтану

Сари Ханафи

Таяу Шығыстағы саясат

- > Ливандағы қоқыс дағдарысы
- > Аса зор қатігездікті заңдастыру
- > Бейбіт тұрғындарды қорғау

Коммунизмге бағынышты әлеуметтану

- > Адамгершіліктен жұрдай әлемде адам болып қалу туралы
- > Қытай қоғамдық әлеуметтануының пайда болуы

ХӘҚ Форумы Австрияда

- > Жергілікті және жаһандық деңгейді зерделеу
- > Австриядағы әлеуметтік мәселелер

Арнайы бағаналар

- > Әлеуметтану және ауа-райының өзгеруі
- > Үндістандағы еркіндік пен зорлық-зомбылық
- > Зерттеу жазбалары
- > Қазақ редакторларын таныстыру


ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

Басылым 6/ Шығарылым 1/ маусым 2016
www.isa-sociology.org/global-dialogue/

GD



> Редактордан

Шеттегі әлеуметтану

Нағыз инновациялық әлеуметтану ғылыми қауымдастықтың қапталында, кей кезде тіпті ғылыми қауымдастықтан тысқары жерде пайда болады. Өмірде болғандардың ішінде ең атақты америкалық әлеуметтанушы У.Э.Б. Дю Буа туралы әңгіме болмақ. Ол - осы нөмірде таныстырылып отырған Элдон Морристің «Мойындалмаған ғалым» деген кітабының кейіпкері. Моррис Дю Буаны Германияда және Гарвард университетінде оқыған, әр қадамы Чикаго мектебінен нәр алған, ғылыми берік, Атлантадағы әлеуметтанулық мектептің өкілі әрі қалыптастырушысы афро-америкалық әлеуметтанушы ретінде сипаттайды. Сол кездегі ғылыми ортада, шынына келгенде қазір де, нәсілшілдік болмаса Дю Буа америкалық әлеуметтанудың негізін қалаушы болып мойындалар еді. Нәсіл мен тап, нәсілшілдіктің жеке тәжірибесі, панафриканизм мен америкалық империализм туралы аса құнды кітаптардың авторы ретінде танылған ол бұқаралық ақпарат құралдарында редактор және шолушы болу үшін жете бағаланбаған және мойындалмаған күйі академияны тастап кетті.

Осы нөмірде шеттегі әлеуметтанудың басқа өкілдері бар. Дмитрий Шалин Владимир Ядовтың Кеңес Одағының бюрократиялық құрылымдарында қалай ержүректілік пен қайсарлық танытқанын сипаттайды және осы жағдайды посткеңестік кезеңге қолданады. Тура осылай Франсуа Лашапель Шен Юаньнің марксистік-лениншіл және Қызыл Гвардияшыл тәжірибесі оны өз шәкірттерінің қиялын шабыттандыратын харизмалық тұлғаға айналдырған сыни әлеуметтануға алып келгенін баяндайды. Мұхаммед Әл Ыдырыси Сириядағы палестиналық босқындар лагерінен Франциядағы әлеуметтану бойынша докторантураға дейін қиын жол жүріп өткен, араб әлеуметтанулық басылымы «Идафаттың» негізін қалаушы және редакторы болып қызмет істейтін, Бейрутқа қоныстанғанға дейін Каир мен Рамаллада ұзақ уақыт болған Сари Ханафиден сұқбат алады. Билікті аямай сынайтын ол Таяу Шығыстағы әлеуметтануға қуат беріп, күрделі өмірді бастан кешіп отыр.

Нисрин Шаер Таяу Шығыста болып, Ливандағы қоқыс дағдарысы мен оған байланысты туындаған әлеуметтік қозғалыстарға қызықты талдау ұсынса, Лиза Хаджар мен Амитай Этциони бір бірімен ливандық азаматтық тұлғаларға қатысты израильдік зомбылықтың нақты және әлеуетті кеңеюінің заңдылығы туралы пікір таластырады.

Соңында біз ұлттық қауымдастықтарды шарлап өтеміз. Австриядан бірнеше мақала бар – 2016 жылғы 10-14 шілдеде Венада өтетін ХӘҚ үшінші форумына кіріспеден кейін австриялық жас әлеуметтанушылардың өте қызық зерттеулерін қамтитын төрт мақала ұсынылған. АҚШ-тан Райли Данлап пен Роберт Брюлле Америкалық әлеуметтанушылар қауымдастығы Мақсатты тобының ауа райының өзгерісі бойынша ауқымды жұмысының нәтижесін қорытындылайды. Сонымен қатар біз ХӘҚ атқару комитеті мен үнді әлеуметтанушылары атынан үнді кампустерінде сөз бостандығына қысым мен қауіпті айыптайтын мәлімдемені қайта басып отырмыз. Австралиядан Райвин Коннелл жас әлеуметтанушыларға өз зерттеулерін қалай жазуды үйрету тәжірибесімен бөліседі. Жаһандық диалогты әлеуметтануды ана тіліне аударудың ауыр жүгін арқалаған алғашқы қазақстандық топты таныстырумен аяқтаймыз.

> Жаһандық Диалог [ХӘҚ ресми сайтында](#) 16 тілде жарияланады
> Мақалаларды мына адреске жолдауға болады burawoy@berkeley.edu



АҚШ-тың әйгілі әлеуметтанушысы Элдон Моррис афро-америкалық зияткер және саясаткер У.Э.Б. Дю Буаны америкалық әлеуметтану негізін салушы ретінде қайта оралтуы.



Италиялық әлеуметтанушы Донателла делла Порта өзінің заманауи қоғамдық қозғалыстарды зерттеушіге айналуы хақында.



ХӘҚ вице-президенті және Араб әлеуметтанулық журналының редакторы Сари Ханафи араб әлеуметтанушының түйткілдері туралы әңгімелейді.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Редакциялық алқа

Редактор: Майкл Буравой.

Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.

Редакциялық кеңес: Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Винетта Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндьюглу, Филомин Гуттиерец, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Аблдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі:

Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Аргентина:

Хуан Игнасио Пиовани, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бразилия:

Густаво Танигутти, Андреса Галли, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Бенно Альвес, Жулио Дэвис.

Үндістан:

Ишвар Модии, Раджив Гупта, Рашми Жаин, Прага Шарма, Джуотти Сидана, Нидхи Бансал, Панкаш Бхатнагар.

Индонезия:

Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрия, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохамад Шохибуддин, Домингус Элид Ли, Антониус Арио Сето Харджана.

Иран:

Рейханех Жавади, Абдулкарим Бастани, Нияеш Долати, Вахид Ленджанзаде.

Жапония:

Сатоми Ямомото, Амане Хисада, Такаши Китахара, Такехиро Китагава, Сатоши Манабе, Томоми Охашира, Ютаро Шимокава, Макаси Якота.

Қазақстан:

Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Ғани Мадиярбеков, Алмаш Тілеспаева, Амангелді Құрметұлы.

Польша:

Якуб Барщевски, Кшиштоф Губански, Жустина Косинска, Камил Липински, Мартина Макиуш, Миколаж Миерзежевски, Каролина Миколажевска-Зажак, Адам Мюллер, Зофия Пенза, Тереза Телезинска, Жустина Зиелинска, Яшек Зих.

Румыния:

Косима Ружиниш, Корина Брагару, Адриана Бондор, Александра Чеканель, Ана-Мария Илие, Руксандра Иордаче, Михай-Богдан Мариан, Рамона Маринах, Анка Михай, Уна-Елена Негри, Ян Даниель Попа, Диана Тихан, Кармен Вуанеа.

Ресей:

Елена Здравомыслова, Анна Кадникова, Ася Воронкова, Любовь Чернышова, Анастасия Головлева

Тайвань:

Джинг Мао Ху.

Түркия:

Гүл Шарбаджюғлы, Ирмак Эврен.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

Шығарылым кеңесшісі: Ана Виллареал.

> Осы нөмірде

Редактордан: Шеттегі әлеуметтану

2

> ӘЛЕУМЕТТАНУ КӘСІП

У.Е.Б. Дю Буа құрметіне

Элдон Моррис, АҚШ

4

Әлеуметтік қозғалыстарды зерттеудегі плюрализм

Донателла делла Порта, Италия

7

> ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУ МЕН САЯСАТ

Араб әлеміндегі әлеуметтану: Сари Ханафимен сұқбат

Мұхаммед әл Ыдырыси, Марокко

9

Ливандағы қоқыс дағдарысының биосаясаты

Нисрин Шаер, Нидерланды

12

Аса зор қатігездікті заңдастыру: Израиль

Лиза Хаджар, АҚШ

15

Бейбіт тұрғындарды қорғау: Хаджарға жауап

Амитай Этциони, АҚШ

19

> КОММУНИЗМГЕ БАҒЫНЫШТЫ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Адамгершіліктен жұрдай әлемде адам болып қалу: Владимир Ядовты еске алу

Дмитрий Н. Шалин, АҚШ

21

Қытай қоғамдық әлеуметтануының пайда болуы

Франсуа Лашапель, Канада

24

> ХӘҚ ФОРУМЫ АВСТРИЯДА

Жергілікті және жаһандық деңгейді зерделеу

Бриджит Ауленбахер, Рудольф Рихтер, Ида Сельеског, Австрия

26

Австриядағы теңсіздік, кедейлік және тұрмыс

Корнелия Длабая, Джулия Хофманн, Албан Кнехт, Австрия

29

Әлеуметтік теңсіздік, босқындар және «Еуропалық арман»

Рут Абрамовский, Бенджамин Грошл, Алан Шинк және Дэзире Вилке, Австрия

30

Гендерлік теңдік және Австрия университеті

Кристина Биннер, Сюзанна Кинк, Австрия

32

Жұмыс уақыты және жақсы тұрмыс үшін күрес

Карина Алтрайтер, Франц Астлейтнер және Тереза Фиби, Австрия

33

> АРНАЙЫ БАҒАНАЛАР

Әлеуметтану және ауа-райының өзгеруі

Райли Э. Данлоп пен Роберт Дж. Брюлле, АҚШ

34

Үндістандағы еркіндік пен зорлық

ХӘҚ Атқару Комитеті

36

Зерттеу жазбалары: қисын мен тәжірибе

Раевин Коннелл, Австралия

38

Қазақ тобымен таныстыру

Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Әділ Родионов және Ғани Мадиярбеков туралы, Қазақстан

40

> Уильям Дю Буа құрметіне

Элдон Моррис, Солтүстік-Батыс университеті, Эванстон, АҚШ



Элдон Моррис.

Элдон Моррис әлеуметтік қозғалыстарды революциялық зерттеуімен, әлеуметтік шерулердің ұйымдастырушылық және мәдени негіздерін айқындаған және түрлі жүлделерге ие болған «Азаматтық құқық қозғалысының қалыптасуы» кітабымен әйгілі. Осы мақаласында «Мойындалмаған ғалым» (Калифорния университетінің баспасы, 2015) жаңа жұмысын ұсынып отыр. Жұмыс желісі АҚШ әлеуметтануының ертеректегі тарихын, Чикаго мектебінің басым ықпалы мен Атланта мектебінің маргиналдандуын, мектеп көшбасшылары – Роберт Парк пен афроамерикалық Уильям Дю Буа арасындағы бәсекелестікті баяндайды. Автор Дю Буа басқарған Атланта мектебі Чикаго мектебі сияқты мықты зерттеу бағдарламасын дамытқанымен, сол мектеп танымалдығына жете алмағандығын көрсетеді. Чикаго мектебі дамуы мен әлеуметтану эволюциясының негізінде кәсіби әлеуметтанудағы нәсілшілдік жатыр. Бүгін де Дю Буа – әлеуметтануда және басқа салаларда әлеуметтік ойды шабыттандырушы. Ал Роберт Парк болса, зерттеу бастауынан әрі аса алмай қалды. Қол жеткізілген нәтижелер тұрғысынан Дю Буаны АҚШ әлеуметтануының негізін салушы деп мойындау – әділ.

У Э.Б. Дю Буа – XX ғасырдың афроамерикалық тарихшысы, жазушы, ақын, қоғамдық зияткер, журналист, көшбасшы және әлеуметтанушы. Әлеуметтанушы ретінде аз танылған. Оны консерваторлық қара нәсілді көшбасшы Букер Талиафер Вашингтонмен идеологиялық күресінде қара нәсілді америкалықтардың көшбасшысына айналған радикалды қоғамдық зияткер деп қабылдайды.

Уильям Дю Буа – XX ғасырдың афроамерикалық тарихшысы, жазушы, ақын, қоғамдық зияткер, журналист, көшбасшы және әлеуметтанушы. Әлеуметтанушы ретінде аз танылған. Оны консерваторлық қара нәсілді көшбасшы Букер Талиафер Вашингтонмен идеологиялық күресінде қара нәсілді америкалықтардың көшбасшысына айналған

радикалды қоғамдық зияткер деп қабылдайды.

Дегенмен, жаңа «Мойындалмаған ғалым» кітабымда мен Дю Буаны XX ғасырдың бастапқы жиырма жылдығында белсенді жұмыс жасаған Атланта мектебі – Америка әлеуметтануының алғашқы ғылыми мектебі іргесін салушы ретінде көрсетемін. Атланта университетінде (қазіргі таңда Кларк Атланта, Джорджия штаты, Атлантада орналасқан шағын, қаржыландыруы кедей, қара нәсілді университет) негізі қаланған бұл мектеп мүшелерін қара нәсілді ғалымдар, студенттер, аспиранттар және қауым көшбасшылары құрады. Элиталық ғылымның қапталында пайда болған Дю Буа мектебі эмпириялық зерттеулері мен теориялық талдауы қанаудағы қауымдастыққа кіріктірілген ғылыми әдісті қалыптастырған кәсіби және

әуесқой зерттеушілерден құралды.

Дю Буаның ғылыми әрекеті бүлікке теңестірілді, себебі ол нәсілдік және әлеуметтік теңсіздіктің антигегемондық талдауын жасады. Американың нәсілшілдік апартеиді мен бүкіл әлем бойынша қара нәсілді адамдарды Еуропаның отарлауын ақтайтын әлеуметтік дарвинизм кезеңі Еуропаның ақ нәсілді империялары мен Америкаға идеологиялық қолдауды қамтамасыз еткен басты әлеуметтанулық көзқарас болды. Белсенді нәсілшілдік АҚШ-тың қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарындағы қара нәсілді адамдардың табиғи-биологиялық тұрғыдан жете дамымаған деп қабылданған пікірмен ортақ келісімде еді. Әлеуметтанушы Дю Буа нәсілдердің биологиялық ерекшеліктері негізінде пайда болған нәсілдік теңсіздік туралы пікірді жоққа шығарғысы келді.

«Нәсілдік теңсіздік – зорлық пен қанаудың нәтижесі» идеясын қорғады. 1899 жылы жарық көрген «Филадельфиядағы қара нәсілділер» кітабы мен одан кейінгі кезеңде жүргізілген зерттеулерде Дю Буа мектебі «ғылыми» нәсілшілдікті жүйелі сынайтын эмпириялық мәліметтерді ұсынып отырды.

«Мойындалмаған ғалым» еңбегі Дю Буаның Атланта әлеуметтанулық зертханасы аясында бүлік әлеуметтануымен айналысатын зерттеу тобын құруға талпынысын көрсетеді. «Кабинеттегі» әлеуметтануға қарағанда, Дю Буа мектебі зерттеулерінде қара нәсілділерге тән кемістіктерді толығымен теріске шығаратын сапалық және сандық әдістерді кеңінен қолданды. Мәліметтерді жинау әдістеріндегі мектеп жаңашылдығы жобаның теориялық (және еркін) идеясымен айқындалды: нәсілдік теңсіздіктің ғылыми себептерін анықтап, қара нәсілділер табиғатынан кеміс және өз дамуында адамзат өркениетінің төменгі сатысында қалып қойғанын негіздейтін басым әлеуметтанулық және кең қолданыстағы доктриналардың дұрыс еместігін дәлелдеу.

Дю Буа және әріптестері ғылыми пікірлерінде теориялық идеяларын әрі қарай жан-жақты дамыта бастады. Олардың пікірінше, тері түсі – XX ғасырдың әлеуметтік әлемін айқындаған нәсілдік стратификацияға алып келген ақтар артықшылығының мықты жаһандық құрылымы және бұл құрылым әлемде экономикалық, саяси, идеологиялық күштермен қуаттандырылып отырады, яғни нәсіл – биологиялық бірліктердің нәтижесі емес, әлеуметтанулық шығармашылық өнімі. XX ғасырдың басында америкалық әлеуметтанушылар әлеуметтанулық нақтылықты түсіндіруде биологиялық әдістер ұсынатын дәйектерді қолдана бастады. Керісінше, Дю Буа құрылымдық талдау жүргізуді жөн көрді. Адамның әлеуметтік құрылымдарға ықпал ете алуын және кей жағдайларда оны трансформациялауын да жоққа шығармады. Дю Буа әлеуметтік теңсіздікті түсіндіруде әлеуметтанушылар тап, нәсіл және жыныс арасындағы өзараәрекетті зерттеулері қажет екендігін айтты. Осылай, адамның еркіндікке ұмтылуы тап пен нәсіл гегемониясын мойындамау мақсатындағы күресті қамтуы қажет.

Дю Буа ертеректегі жұмыстарында «қосқырлы сана» концепциясын жасаған болатын. Концепцияға сәйкес, тұлға – нәсіл мен билік белгілерінің негізінде қалыптасқан және әлеуметтік өзараәрекет пен коммуникацияның нәтижесіндегі әлеуметтік өнім. Уақыт өте ол қазіргі заманғы Африкадағы құл саудасы мен құлдық негізінде құрылғанын және батыс буржуазиясы заманауи капитализмін дамыту үшін жұмыс күші мен маңызды тауарларды қолжетімді ете отырып, қанайтынын көрсетуге талпынды.

Америкалық әлеуметтануда жалпы қабылданған пікірге сәйкес әлеуметтану іргесі Чикаго университетінде қаланып, факультеттің кәсіби құрамын ғылыми әлеуметтануды жасаған ақ нәсілді ер азаматтардан құралды, кейін бұл идеялар Американың басқа да элиталық ақ университеттеріне таралды. Бірақ «Мойындалмаған ғалым» кітабы әлеуметтанудың шығу тарихы туралы аңызды терістеп, Атлантадағы Дю Буа мектебінің Чикаго мектебінен жиырма жыл бұрын ғылыми әлеуметтануды жасағанын дәлелдейді. Дю Буа америкалық әлеуметтанудың алғашқы ғылыми мектебін құрғанымен, ақ нәсілді әлеуметтанушылар мектептің радикалды идеяларының тың ойларын, әсіресе нәсілге қатысты ойларын, ұғына отырып, XX ғасыр бойы Дю Буа көзқарасын басып-жаншу үшін экономикалық, саяси және идеологиялық билікті кеңінен пайдаланды. «Мойындалмаған ғалым» еңбегі Чикаго әлеуметтанушылары мен әлеуметтанудың басқа ақ негізін салушылар ұсынған әдістерден ұтымды ғылыми нәтижелерге қол жеткізген Дю Буа мектебі екенін көрсетеді. XX ғасырда институттық кемсіту Дю Буа идеяларының басым бөлігін америкалық әлеуметтануға интеграциялауды тежеді. Қазіргі заманда оның идеяларының көбі әлеуметтануда ресми қабылданғанымен, ақ әлеуметтанушылар еңбегі ретінде қате қабылданады.

Атлантадағы Дю Буа мектебі үлкен кедергілерді басынан өткізді. «Объективті ғылым» ұсынған заңдылықты дұрыс көрген өндіріс бетке ұстарлары ақ әлеуметтанушылар мәртебесін қолдады. Ал Дю Буаға беделді университеттердегі профессор лауазымы берілмеді. Ол еңбек еткен университеттердің ресурстары жеткіліксіз болатын. Қаржылық қамсыздандыруы төмен қара университеттерде Дю Буаға аз жалақы төленіп, радикалды идеяларын бақылап отыру мақсатында зерттеулері толық қаржыландырылмады, беделді баспа орталықтары басылымдарын жариялаудан бас тартты.

«Мойындалмаған ғалым» кітабында Дю Буа мектебі ғылыми нәсілшілдікті даулайтын негізгі әлеуметтанулық бағдарлама жасағаны көрсетіледі. Кейіннен бағдарлама барлық америкалық университеттерге кең таралды. Дю Буа өз мектебін қоғамның артықшылықтарына ие мүшелеріне қарағанда, ресурстары өте аз кемсітілген қара нәсілді қауымда дамытты. Қауым басшылары, ғалымдары және студенттері ғылыми жұмыстарына мардымсыз жалақы алды; кейбірі бүлік әлеуметтануындағы зерттеуді

>>

жалғастыру үшін ерікті жұмыс жасады. Ғылыми зерттеулер ақ нәсілдің артықшылығы туралы идеяны «бұзу/талқандау» қаруына айналуы мүмкін деп сенген олардың басым бөлігі жұмыстары еркін болашаққа қосқан маңызды үлес деп еріктілер болып қала берді.

Дю Буа мектебі негізгі әлеуметтанулық бағдарламаны жүзеге асыра отырып, капиталдың бостандығы идеясын тірек етті. Қауымдастықтың қолдауымен Атланта мектебі Буравой «қоғамдық әлеуметтанудың кіріктірілген автономиясы» деп сипаттаған ғылыми-зерттеу бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама Дю Буа мен оның афроамерикалық әріптестеріне қитұрқы тарих философиясының ықпалын және сыни статусын қазірге дейін сақтап қалған Чикаго мектебімен салыстырғанда ғылыми ерекше әлеуметтануды қалыптастыруға және ұстап тұруға мүмкіндік берді.

Атланта мектебі жеке, оқшауланған әлеуметтануды дамытпады. Ұлттық және жаһандық теңсіздікті жоюға ұмтылған қоғамдық әлеуметтанумен айналысты. 1900 жылдан бастап АҚШ-тың оңтүстік бөлігіндегі нәсілдік сегрегацияны қанау шарасы ретіндегі Джим Кроудың нәсілдік заңдарын және отарлауды жоя алатын идеяларды зерттеу үшін бүкіл әлемнен шығу тегі африкалық көшбасшылар мен ғалымдарды жинай отырып, панафрикалық конгресті ұйымдастыра бастады. АҚШ-та Дю Буа Ниагара қозғалысы мен Қара халықтың прогресіне көмектесетін ұлттық қауымдастықтың ұйымдастырылуына үлес қосты. Екі қозғалыс та ақ халықтың тәкаппарлығымен бетпе-бет келді. Ол жыныс, таптық қанау және соғысты талдап, әшкерелейтін «Дағдарыс» журналының негізін қалады. Дю Буа өмір бойына статус кво сынаушысы бола отырып, әлеуметтік құрылым мен мәдениет адам еркіндігін тежейтінін көрсетуге тырысты.

Майкл Буравой егер әлеуметтану өзектілігін сақтап қалғысы келсе, радикалды негіздеріне оралуы қажет деген пікірде. Билік пен басымдықты әшкерелейтін сыни талдауды жергілікті әлеуметтанудан, пост-

колониялық әлеуметтанулардан, Оңтүстік теорияларынан табуға болады; радикалды ойларды билікке шындықты тіке айтатын батыс буржуазиялық әлеуметтануынан да анықтау мүмкін. Дю Буа мектебі маргиналды қабылдануы нәтижесінде ескерілмей назардан тыс қалған идеяларды ұсынды немесе Буравой атап көрсеткендей, «басым позицияларды сынаудың парадигмалық іргесін» қалады. «Мойындалмаған ғалым» кітабы Дю Буа мысалында әлеуметтанулық зерттеулер, әсіресе қоғамдық талқыға түсетін болса, саяси және жария болуы қажеттілігін көрсетеді. Шындығында, постколониялық әлеуметтанулар статус-кво ұдайы өндіретін идеялардан да нақтырақ болуы тиіс, себебі-бәстің бағасы жоғары. Әлеуметтанушылар Дю Буаны «Қара нәсілділердің эмпириялық әлеуметтануының» негізін салушы не «Қара нәсілді халықтың мәселелерін» жария еткен зияткер ретінде ғана танып, әлі де оның әлеуметтануының маңыздылығына мән бермейді. Бірақ мұндай көзқарас Дю Буа әлеуметтануын ұғынуда қара нәсілділердің әлеуметтануына қолдануға болатын тар геттомен шектеліп, теория мен әдіснаманың жан-жақты дамуына ықпал етпейді. «Мойындалмаған ғалымда» келтірілген дәлелдер осы қате пікірлерді жоққа шығаруға талпыныс білдіріп, Дю Буа мен оның мектебін Маркс, Вебер және Дюркгейм сияқты әлеуметтанушылармен қатар әлеуметтану пантеонына орналастырады. Бұл әлеуметтанушыларға әлеуметтанулық ойларын байыта отырып, Дю Буа мектебінің даналығын мұра етіп алуға мүмкіндік береді.

Дю Буа туралы кітапты оның әлеуметтануға қосқан үлесін қабылдау рефлексиясымен аяқтаймын: егер инновациялық ғылыми мектеп бұзақы топтардың терроры, элита тарапынан қудалау және нәсілдік кемсіту кезеңінде дами алса, бүгін ұғыну және адамзатты өзгерту (трансформациялау) максатында білім алу үшін еңбек ететіндерге үміт бар. ■

Хаттарды Элдон Морриске <amorris@northwestern.edu> жолдауға болады.

> Әлеуметтік

қозғалыстарды зерттеудегі плюрализм

Донателла делла Порта, Жоғары нормалық мектеп, Флоренция, Италия



| Донателла делла Порта.

Донателла делла Порта – есімі халықаралық дәрежеде белгілі және әлеуметтік қозғалыстарды зерттеу саласында нәтижелі жұмыс жасап жүрген ғалым. Көп елдерді зерттегенімен, негізгі зерттеу аймағы – Еуропа мен Латын Америкасы. Жұмыстарында бірнеше пәндерді, әсіресе әлеуметтану мен саяси ғылымдарды, өзара байланыстырады. Зерттеуінде түрлі әдістерді қолданады. Жеке өзі және қос авторлықпен 38 кітап жариялаған. Соңғы зерттеулері саяси әлеуметтану саласында жүргізілді: саяси зорлық-зомбылық (Заңсыз саяси зорлық-зомбылық, 2013), полицейлер наразылығы (Демократияны сақтап қалуға бола ма? 2013), саяси жемқорлық (Жемқорлықтың жасырын тәртібі, Альберто Ваннуччимен қос авторлық, 2012), әлеуметтік қозғалыстардың демократияға қатынасы (Демократияны мобилизациялау, 2014) мен неолибералдыққа жауабы (Аскетизм кезеңіндегі әлеуметтік қозғалыстар, 2015). Көп жылдардан бері Жоғары нормалық мектебі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар институтының деканы және Әлеуметтік қозғалыстарды зерттеу орталығының (Cosmos) жетекшісі қызметін атқара отырып, әлемнің түкпір-түкпірінен келген жас ғалымдармен белсенді жұмыс жасауда. Мақаласында әлеуметтік қозғалыстарды зерттеудегі өзіндік түсінік пен адалдығын көрсетеді.

Әлеуметтік қозғалыстарға қызығушылығымның пайда болуының бірнеше себебі бар. Студенттік кездегі белсенді тәжірибе және ауқымды ресурстарды жұмсай отырып, мардымсыз нәтижеге қол жеткізумен үміттің ақталмауы – қызығушылығымның бір себебі. Әр ғалымның өмірінде белгілі бір рөлге ие кездейсоқ жағдайлар да болды. Менің жағдайымда, зерттеудің осы саласына кездейсоқ келуім Париждегі әлеуметтік ғылымдар саласындағы жоғары нормалық мектебінде магистрлік диссертациямның жетекшісі болуға Ален Туренге ұсыныс білдіргеніммен тығыз байланысты. Ол тәуелді қоғамдар туралы жұмысын жария еткен еді (оңтүстіктен шыққан маған жақын тақырып). Турен назарымды әлеуметтік қозғалыстарға аудару талабын қоя отырып, жетекшім болуға келісті. «Неге аудармасқа?» деп ойладым.

Бірнеше сәтті басқа және күтпеген жағдайлар нәтижесінде әлеуметтік қозғалыстарды түсіндіру үшін жаңа парадигмаларды іздестіру үстіндегі белсенді зерттеушілер желісіне қосылдым. Зерттеушілердің бірі Сидни Тарроу менің әлеуметтік қозғалыстар туралы ең алғашқы мақаламды талдап, өмірлік тәлімгерім мен досыма айналды. Еуропалық университеттің халықаралық бағдарламасы аясында PhD диссертациямды дайындау тілдік дағдыларымды ғана дамытып қоймай, басқа мәдениеттерді ұғынуға мүмкіндік берді.

Филиппе Шмиттерден бастап Алессандро Пиццорноға дейінгі тәлімгерлерім академиялық қызығушылығымды шыңдап, пәндік әдіс аясында шектелмеуіме жол ашты. Докторлық диссертациямнан кейін Италия ғылымындағы академиялық «ағайындық» мені шетелге ығыстырды. Бұл – миграцияның жағымсыз тәжірибесін «терең орныққан космополитизмнің» жағымды тәжірибесіне айналдырды. Басқа да сәтті жағдайлар жас ғалымдармен жұмыс жасауыма, зерттеу орталықтары мен желілерін дамытуға, Жоғары нормалық мектебі қабырғасында орналасқан Әлеуметтік қозғалыстарды зерттеу орталығының (Cosmos) негізін салуға мүмкіндік берді.

Ғылым мен білім берудегі басқа мәселелерді зерттей жүріп, когнитивті, эмоциялық және релятивті себептермен әлеуметтік қозғалыстарды зерттеуге қызығушылығымды

жоғалтпадым. Осы тақырыптағы зерттеушілердің көбі әлемді жақсы жаққа өзгертуге талпынатын адамдар екенін байқадым. Олардың зерттеу тақырыбына әлеуметтік және саяси адалдығының тәжірибесі негізгі тақырыптарда зерттеу жүргізетін ғалымдар тарапынан сынға ұшырағанымен, зерттеулері нәтижелі болып, осы саладағы ғалымдар арасында эмоциялық қарым-қатынасты жақсартты. Сондай-ақ саяси жағдай үнемі теориялық инновацияларды талап етті: дәстүрлі емес саясат маргиналды және патологиялық деп есептелген сала наразылықтың жаңа толқыны – «басқа саясатты» әлеуметтік және ғылыми қабылдауының өсуіне алып келген қалыпты парламенттік кеңістіктен тыс саясат наразылығы, ұсынған маңызды мәселелерді басынан өткерді.

Саясатты жан-жақты қарастыру әлеуметтік қозғалыстарды зерттеу теориялық пәнаралық нәтижелерге бағытталғанын түсіндіреді. Түрлі пәндік әдістер – символдық интеракциядан ұйымдастыру әлеуметтануына дейін, әлеуметтанулық теориядан саяси ғылымға жылжу – түйіскен жерде пайда болған әлеуметтік қозғалыс зерттеушілері ғылымның түрлі саласындағы идеяларды біріктіре отырып, концептілер мен гипотезалар құралнамасын жасады. Уақыт өте бұл құбылыс жағрафия, тарих, антропология, нормативті теория, құқық және экономика салаларын қамтып, әлеуметтанудан саясаттануға қарай күшеюде. Осылай, қарама-қайшы саясаттардың жаңа дүмпуі әлеуметтік қозғалыстар ғылымына жаңа ұрпақтың келуіне жол ашты.

Мен үшін құнды нәрсе (үлес қостым деп те үміттенемін) – эмпириялық зерттеулерге позитивті қатынасым. Теорияда түрлі көзқарастарды біріктіре отырып, әлеуметтік қозғалыстарды зерттеу әдіснамасы – плюралистік. Әлеуметтік қозғалыстарды зерттеу сандық және сапалық әдістемелерді байланыстыратын түрлі әдістерге негізделеді. Нақты әдістерді жоспарлау мен жүзеге асыруға (жеке жағдайды зерттеуден «құбылысты сандық талдауға дейін») қатысты сынға қарамастан әдіснамалық текетірес орын алмады және осы зерттеу алаңында әдіснамалық плюрализм басым.

Әлеуметтік ғылымдардың көп салаларында эпистемологиялық деңгейде ортақ нарративтер позитивтік әдіснаманы интерпретациялыққа қарсы қойса, ал пікірталас үшін шынайы әлемнің өмір сүруі туралы онтологиялық көзқарастарды қарсы қою тән болса – әлеуметтік қозғалыстарды зерттеушілер терең талдау тенденциясына ие. Неопозитивті әдіснамаға жүгінетін зерттеушілер концепция құру маңыздылығын мойындаса, конструктивистер субъективті білім іздеуден бас тартпады. Әлеуметтік қозғалыс зерттеушілерінің басым бөлігі талдауларында құрылым мен қабылдауды (мысалы, саяси мүмкіндіктер мен шектеулері) өзара тығыз байланыстыра отырып, тоғыстырады. Дәл осылай, зерттеушілердің біразын жеке жағдайларды теориялық емес зерттеулерден тыс ізденіске ұмтылуымен жалпы заңдарға скептицизм біріктіреді.

Жан-жақты позиция ғылымдардың өзара баюын және ортақ

білімді құру үшін белгілі бір әлеуетті ынталандырды. Бұл процесте индукциялық және дедукциялық әдістер сандық және сапалық әдіснама ретінде біріктірілді. Түрлі әдістердің триангуляциясы негізіндегі аралас әдіс стратегиялары кең таралған. Шындығында, әлеуметтік қозғалысты зерттеу мәліметтерді жинау мен талдаудың түрлі әдістерін пайдалануда прагматикалық болып табылады. Әлеуметтік қозғалыстарды зерттеушілердің кейбірі әлеуметтік ғылым не бейтарап, не саяси мақсатқа қызмет етуі керек деген пікірде болғанына қарамастан, ғылыми жұмыстағы саяси адалдық дәрежесі осы континуум шеңберінде өзгеріп отырады және өзекті нормативті және этикалық пікірталас тудырады.

Теориялық плюрализмді түсіндірудің түрлі әдістері бар. Сайлауды және әлеуметтік стратификацияны зерттеу кезінде қол жеткізуге болатын сенімді мәліметтер базасының жоқтығын ескеріп, әлеуметтік қозғалыстарды зерттеушілер мәліметтерді жинаудың түрлі әдістерін қолданады. Бүкіл халықты зерттеудің белсенді азшылықты зерттеуге көмегі аз, ал ұйымдар мен әлеуметтік қозғалыстардың мұрағат пен қатысушылар тізімін сақтау мүмкіндігі төмен. Бірақ басқа салалардан мәліметтерді жинау мен талдау әдістерін импорттау мен бейімдеу және жаңаларын ұсыну эмпириялық талдауымызды күшейтеді. Мәселе ғылыми теориялауға бағытталған білімді құру процесінде көрсетілетін нормативті қысым ғана емес, әлеуметтік интервенция туралы да; зерттеу объектісімен бірге жоспарланатын ортақ зерттеулер жаңа әдіснамалық рефлексияға алып келеді.

Позитивті тенденцияларға қарамастан, әлеуметтік қозғалыстарды зерттеу өз жетістігінің құрбанына айналуы мүмкін. Соңғы онжылдықта әлеуметтік қозғалыстарды зерттеу фокусы Жаһандық Солтүстікте сақталуда және Оңтүстіктегі қарсы саясатты зерттеулермен байланыс орнатуы қиын. Әлеуметтік ғылымдардағы интернационализацияны басқа елдер, ғылыми мекемелер және мәдениеттер тәжірибесі тұрғысынан ұғына бастаған кезде интернационализациялауға бағытталған тенденцияның жағымды аспектілері көріне бастайды.

Интернационализация сыни көзқарас пен зияткерлік плюрализмді қолдап, ұлттық тәжірибемізді салыстырмалы перспективаға кіріктіре отырып ерекше әдістерді, стилдерді, тәжірибелерді түсінуге итермелейді. Дегенмен, белгілі бір дәстүрге (немесе оның эволюциясына) қосылу арқылы интернационализация түрлі түйіткілдер тудырады. 35 елден жиналған докторанттар мен постдокторлық стипендиаттардың зерттеулеріне жетекшілік ету барысында басым ағылшын-саксондық және басқа ортодоктық әдістер шеңберінен шыққанда қандай жетістіктерге қол жеткізуге болатындығын көрдім. Жас ұрпақпен бірге толығып отыратын ынталандыруға сенімім әлеуметтік қозғалыстар зерттеулеріндегі рефлексияға қабілеттілігі туралы үмітімді одан әрі жалғастырады. ■

Хаттарды Донателла делла Портаға <donatella.dellaporta@sns.it> жолдауға болады.

> Араб әлеміндегі әлеуметтану

Сари Ханафимен сұқбат



Сари Ханафи.

Сари Ханафи қазіргі кезде Бейруттегі Америкалық университетте әлеуметтану, антропология және медиазерттеулер кафедрасының профессоры және меңгерушісі. Ол редакторы болып табылатын «Идафат: әлеуметтанудан араб журналы» араб тілінде жариялады. Сари Ханафи Халықаралық әлеуметтанулық қауымдастығының және әлеуметтік ғылымдар бойынша Араб кеңесінің вице-президенті. Оның зерттеу қызығушылықтарының аясына көші-қон әлеуметтануы, ғылыми зерттеулердің саясаты, азаматтық қоғам, транзиттік қоғамдағы элиталардың қалыптасуы мен әділеттілік енеді. Жакында Р.Арванитиспен бірге «Араб әлемінде білімді өндіру: орындалмайтын уәде» деп аталатын кітапты дайындап, араб және ағылшын тілдерінде жариялады. Сари Ханафи сияқты араб әлемінде әлеуметтанудың дамуына, араб және батыс әлеуметтануының арасындағы қарым-қатынастардың өрбуіндегі үлкен табысқа қол жеткізген ешкім жоқ. Онымен сұқбатты Мароккодағы әл Жәдид университетінің әлеуметтану профессоры Мұхаммед Әл Ыдырыси жазып алған.

МӨБ: Сіз Дамаскідегі палестиналық босқындарға арналған Ярмук лагерінде өстіңіз және әлеуметтанушы болмас бұрын азаматтық инженерлікке оқыдыңыз. Сіздің әлеуметтік тегіңіз кәсібіңізді өзгертуге қаншалықты ықпал етті?

СХ: Иә, әрине! Ол кез 1980-жылдардың басы болатын. Мен аса саясатшыл едім, мен әлемді өзгерткім келді! Қазір мен оны түсіне алмаймын. Екі нәрсе мені мазалады: отарланған Палестина және Сириядағы авторитаризм; осы екі мәселе мені әлеуметтануға алып келді. Дамаскідегі мен өскен Ярмук лагерінде Жер күніне арналған шеруден кейін алғаш рет тұтқындалған күнімді өмір бойы есіме сақтадым. Барлау сардары сонда маған: «Сендердің топтарың бір автобуска сыйып кетеді, сендерді түрмеге жеткізу оңай», - деп айтып еді. Араб авторитарлық билігі - мейлі диссидент зияткер немесе ағарған орта тап болсын — осы

«автобустағы адамдардың» наразылықты тудырудағы маңызын барлық кезде дұрыс бағалаған жоқ. Мен пананы биліктің микрофизикасын Фуколық талдау мен биосаясаттан таптым. Өз зерттеуімді жалғастыру үшін мен Францияға аттандым. Мемлекеттік элиталардың ғылыми талдау жасағым келді, сонымен қатар жеке белсенділігім әлеуметтануды кәсіби және сыни қызмет ретінде зерделеуді ғана емес, Буравойдың тілімен айтқанда, оның қоғамға кіріктірілуі мен саясатты белсенді қолдаушы ретінде зерделеуге мүмкіндік берді.

МӘБ: Кәсіби және қоғамдық әлеуметтанудың үйлесімі қандай түйткілдерден тұрады?

СХ: Араб әлемінде бұл аса оңай шаруа емес. Әлеуметтану, басқа қоғамдық ғылымдар сияқты Пьер Бурдьё ұсынғандай, адамдарды ақылға қонымды нәрсе мен идеологиялардан азат етуші соғыс өнері ретінде қабылданбайды, мемлекеттің модернизациялау жобаларының құралы ретінде пайдаланылады. Екі күш әлеуметтік ғылымдардың заңдастырылуын жоюға талпынып отыр: авторитарлық саяси элита және кейбір идеологиялық топтар, кейбір діни беделді тұлғалар. Қос күш те әлеуметтік ғылымдардың пайда болуының күмәнділігін (олардың отарлау кезінде тарауы) және шетелдік қаржыландыруды көрсетеді. Қазіргі кезде мәселе діни топтармен ғана байланысты емес, мен араб «либерал емес» солшылдар деп анықтайтын күштерде деп есептеймін. Екі күш те менмендіктерінің шылауына оралып, жергілікті жердегі өзгерістерді байқамайды және демократия сияқты әмбебап құндылықтарға қарсы шығып отырады. Араб көктемі оқиғаның жағымды танымдық жақтарын көрсеткені даусыз, дегенмен ғалымдар қоғамдағы диалогтың нығаюына және азаматтық қоғаммен ынтымақтасуда маңызды рөл атқарған Тунистен басқа елдерде әлеуметтік ғылымдар әлеуметтік өзгерістер мен пікірталастарда аса зор ықпалы болған жоқ. Сондықтан 2015 жылы ұлттық диалогтың Тунистік төрттігіне Нобель сыйлығының берілуі аса маңызды символдық жеңіс болды.

МӘБ: Араб дәуірінен кейінгі кезеңдегі жағымды оқиғалардағы әлеуметтанушылар ықпалы қандай?

СХ: Аймақтағы постколониялық зерттеулердің көпшілігі қарабайыр сипатта болды және араб әлеміне сәйкес баға бере алмады. Көптеген араб революцияларының сәтсіз болуы империялық және постколониялық үстемдікте ғана емес, сонымен қатар терең тамыр жайған және ұзаққа созылған авторитаризммен қатар плюрализм, демократия, бостандық және әлеуметтік әділеттілік құндылықтарына енді үйреніп жатырған адамдардың арасындағы сенімсіздікте жатыр. Араб әлемі Асеф Баят сипаттаған қарапайым адамдардың өлмес үшін және өз өмірлерін жақсарту мақсатында бай және биліктегі тап өкілдеріне қарсы біртіндеп, аяңдай отырып бас көтеруін талдауы сияқты әлеуметтік қозғалыстардың әлеуметтанулық құралдарына аса зәру.

Менің ойымша, қоғамдық әлеуметтану әлеуметтік акторлардың қоғамды өзгертудің мүмкіндіктері туралы пікірталасқа итермелейді. Әлеуметтанушы ретінде менің мақсатым - қайырымдылық мен зұлымдық деген таза күйінде болмайтынын көрсету. Әлеуметтану бізге әлеуметтанулық қиял және агенттер немесе акторларға бағытталған фокусымен әлеуметтік құбылыстардың күрделі табиғатынан хабар береді. Басқаша айтқанда, әлеуметтанушылар қоғамдастықты адамдар және олардың күресі туралы геосаяси (әскери әрекеттер арқылы біріне бірі «оппонент» «х» және «у» мемлекеттер), сондай-ақ этностық топтар арасындағы шиеленістерден тыс (өкінішке орай, көптеген ғалымдар, медиа және жалған мамандар Сирия немесе Бахрейн сияқты елдердегі шиеленістерді осы әдіс арқылы түсіндіреді) басқаша ойлауға жетелейді.

Әлеуметтану тек қарсылық көрсету ұғымдары (қарсылық лагері империализм лагеріне қарсы және т.б.) арқылы емес, ортақ мүдделер ұғымдары арқылы одақтарға талдау жасаудың маңызын көрсетеді; бұл Такфирді (діннен безуді айыптау) қолданушы Ислам мемлекеті ғана homo sacer (сотсыз мен тергеусіз кісі өлтіретін адам) тудырып отырған жоқ, сонымен қатар азаматтық тұрғындарды бомбалап отырғандар да бар. Әлеуметтану жастар басқа ерекше кітаптар оқығаннан немесе Құранның белгілі бір түсіндірмесіне бас ұрғаннан ДАИШ-қа қосылмайды емес, саяси және әлеуметтік окшаулану жағдайында тұратындықтан екенін түсінуге мүмкіндік береді.

МӘБ: Араб әлеміндегі қоғамдық әлеуметтанудың рөлі қандай?

СХ: Араб әлемі әлі де қоғамдық талқылауды рационалдаудағы әлеуметтік ғылымдардың және қазіргі заман мәселелерін шешу идеяларын өндірудің маңызды рөлін мойындауы қажет. Араб аймағында қоғамдық билік тапсырысымен әлеуметтанушылар жазған «өзекті есеп» («white papers») және оның қоғамдық салада кеңінен талқыланатыны туралы сирек естиміз. Тунис диктаторы Зейн әл-Дайн Бен Әли 1990-шы жылдары тунистік исламистерге қарсы күресте ғылымды идеологиялық қару ретінде пайдаланғанда, қоғамдық емес, нақты ғылымдарға арқа сүйеді. Ғылыми отырыстар полиция бақылауымен өткізілетін басқа қоғамдық кездесулер сияқты қабылданады. Сондай-ақ әлеуметтанушылар өздеріне көмектесе алмады: билікті сынаушыларды қорғай алатын, мықты позициясы бар ғылыми қауымдастық құра алмады.

МӘБ: Бұл өте маңызды пікір: аймақтағы ғылыми қауымдастық әлсіздігінің себебі неде?

СХ: Ғылыми қауымдастықты нығайту үшін екі процесс қажет: кәсіптің статусы болуы және осы статус ұлттық қауымдастықтар арқылы институттануы керек. Араб әлемінде біріншісі де, екіншісі де жоқ. Белсенді үш

әлеуметтанулық қауымдастық бар (Ливан, Тунис, Марокко) және басқа араб елдерімен салыстырғанда осы үш елде мемлекеттік репрессия аз. Жакында ғана құрылған Әлеуметтік ғылымдар бойынша араб кеңесі осындай қауымдастықтардың құрылуына қалай көмектесе алады деген мәселені көтереді. Жоғарыда айтқанымдай, ғылыми қауымдастық репрессиялық мемлекетке қарсы тұру үшін ғана ұйымдастырылуы емес, әлеуметтік ғылымдарды заңнан тыс етуге ұмтылатындарға да қарсы тұруы қажет. Діни билік әлеуметтанушылар тарапынан түрткіні күтеді, себебі екі топ та қоғамдық пікірталаста өзара бәсекелестікте болады. Бірде теледидардан діни көшбасшы мен белсенді, шейх Мұхаммед Саид Рамадан әл-Бути (ислам отбасылық жоспарлаудың кез келген түріне қарсы екенін дәлелдеуге талпынды) мен мемлекет тарапынан қаржыландырылатын Сирия әйелдерінің бас одағынан келген антиклерикал белсенді арасындағы пікірталасты көрдім. Отбасын жоспарлау әлеуметтану мен демография саласының зерттеу пәні екеніне қарамастан, қоғамдық талқылауға бірде бір әлеуметтанушы қатыспады. Тағы бір мысал – Катар. Катар билігінің консерваторлық және діни комиссарлардан қорғану әдісі – шетелдік университеттердің Катардағы бөлімшелерінен орталық университеттер басшылыққа алатын оқу жоспарын ұстану ниетінде. Бірақ, Катардағы Меллон университетін «оның өзінен» кім қорғайды? Себебі, университеттегі оқу жоспары үшін Катар билігі жауапты. Осылай, пікір білдіру еркіндігі шектеулі болғанда өзекті талқылауды әрқайсысы өзінше алдын-алуға тырысады. Қоғамдық мүдделерден алшақ болу тәуекеліне бел буа отырып, қоршаған қоғамды еркін сынау бостандығын сыйлап, жергілікті

заңдарды қолдану міндетті емес мағынасында «ғылым үшін салаларды» дамыту ерекшелігі экстерриториялық кеңістік болуы әбден мүмкін.

МӨЫ: Халықаралық әлеуметтанулық қауымдастық вице-президенті бола тұрып, әлеуметтанулық қауымдастықтың институттануына қалай ықпал ете аласыз?

СХ: Мұнда ХӘҚ рөлі зор. 2014 жылы Якогамадағы конгресте ұлттық қауымдастықтармен жұмыс жасау мақсатымен 4 жылға сайландым. Бес басымдық бойынша жұмыс жүргізіледі. Біріншіден, жеке тұлғалар, институттар және ұжымдық әлеуметтанулық қауымдастықтар деңгейінде Солтүстік-Оңтүстік ынтымақтастығын кеңейту. Екіншіден, бүкіл әлемнен, әсіресе Оңтүстік Америка, Африка және Таяу Шығыстан (себебі, осы аймақтардан ХӘҚ мүшелері өте аз), әлеуметтанушылардың Қауымдастыққа мүше болуын қолдаймын. Үшіншіден, кедей елдер (В және С категориялары) әлеуметтанушылары ХӘҚ конференцияларына қатысулары үшін оларды қаржыландыруды қамтамасыз етуге тырысамын. Төртіншіден, Оңтүстік Америка, Африка және Таяу Шығыс, сондай-ақ Еуропа ұлттық қауымдастықтарының ХӘҚ ұжымдық мүше болуына қолдау көрсетемін. Бесіншіден, ұлттық ғылыми қауымдастықтарға жиі шығу және аймақтық желі құру арқылы оларды қолдау. Сондықтан, алдымызда зор міндет тұр. ■

Хаттарды Сари Ханафи <sh41@aub.edu.lb> мен Мұхаммед әл Ыдырысига <mohamed-20x@hotmail.com> жолдауға болады.

> Ливандағы қоқыс дағдарысының биосаясаты

Нисрин Шаер, Утрехт университеті, Нидерланды



Бейруттегі қоқыс үйінділері.

2015 жылдың тамыз айында Ливандағы қалдықтар дағдарысына қатысты наразылықтар ауқымды анти-коррупциялық қозғалысқа ұласты. Қалдық менеджментінің дағдарысы елдің мемлекеттік және секталық партияларының азаматтық пен таптық бөлінісіне негізделген зорлық-зомбылық сызбаларын көрсететін және оны күшейтетін жолдарын анықтайтын Ливанның биосаясатына көз жүгіртуге мүмкіндік береді.

Бейруттың қоқыс дағдарысы 2015 жылдың шілдесінде қалдықтар қала көшесіне жиналып қалғанынан басталды. Үкіметпен келісімшарттары саяси байланыс, коррупция мен ұрлық-қарлыққа негізделген, Ливандық жекешелендіру үлгісіне сәйкес болып есептелетін

байланыстары бар қоқыс жинайтын Sukleen компаниясы мен Үкімет арасындағы ұзақ мерзімге созылған келісімшарт аяқталды.

Азаматтық қоғамның орта табы мен әлеуметтік медианың белсенділерінен құралған «Сен сасисың» кампаниясы азаматтық қоғам ұйымдары, студенттер топтары, солшылдар, антисектанттық, феминистік ұжымдарды қамти отырып, қоғамға кең тарады, наразы топты коррупция, непотизм, қоғамдық кеңістіктің болмауы, сектанттық тәртіпті тоқтату, полицияның зорлық-зомбылығы үшін жауапкершілікті күшейту тәрізді мәселелер біріктірген.

29 тамызда өткен негізгі наразылық шарасына 70 мыңнан астам адам қатысты. Бірақ, бетбұрыс кезең бір апта бұрын, «Сен сасисың» шарасын

ұйымдастырушылар өздерін көшедегі наразы топтан бөлініп кеткенде басталған еді. Наразылық шаралары зорлық-зомбылыққа ұласып, көптеген адамдар бейбіт шеруді арандатушы Moundassin-дер ретінде - арабтың баскесерлер мен жансыздарға үшін қолданатын сөзімен - айыпталды. Тіпті, «Сен сасисың» тобы наразылық танытқан жастарды Амал саяси партиясының «қарақшылары» деп атап, билікті агрессиялық ұстанымдағы наразы топқа қарсы күш қолданып, көшелерді осы «арандатушылардан» тазалауға шақырды.

Келесі күндері демонстранттардың басым бөлігі (көбіне солшылдар) «Мен - тыңшымын!» деген ұранмен «Сен сасисың» тобына қарсы шықты және оның жетекшілерін

>>



«Сен сасисыңды» жақтаушылар Ливан үкіметіне наразылық білдіруде.

адамды қорлайтын Moundass сөзін қолданғаны үшін айыптап, кешірім сұрауды талап етті.

Бірақ, бұл оқиға бөлінудің тереңдеп кеткенін көрсетті. Олардың Moundassin сөзін Ливандық медиада қолдануын бірқатар саясаткерлер мен белсенділер таптық/нәсілдік сипатқа өзгертіп, наразылық танытушыларды «түрлі келбеттегі» жандар ретінде бағалап, олардың әрекетін жоққа шығарды. Бір ливандық газет оларды «иттер» деп атаса, өзгелері «жартылай жалаңаш адамдар» және «бет перделі адамдар» деп атады. Сунниттер мен христиан саяси партияларына тиесілі кейбір масс-медиа шерушілерді Әл Гамик Хандада тәрізді шийт аудандарынан келген жұмысшы топтары ретінде көрсетті және оларды Хизбуллах партиясымен байланысы бар екендігін алға тартса, тағы бір медиа құралдары шерушілерді Сирия мен Палестинадан келген босқындар ретінде көрсетті.

Шерушілерге қарсы шара өте қатаң болды: полиция жасағына олардың көзін жойып, белсенділерді қолға түсіру үшін қару таратылды. Moundassin лақабымен қаруланған дегуманизация технологиясы табысы төмен және ливандық емес таптарды шыққан шерушілерге қатысты күш қолдануды ақтап алды. Moundassin деп аталатын ливандық биосаясат жүйесінде жұмысшы табы мен азаматтығы жоқ адамдар қылмыскерлер ретінде танылып,

өліммен бетпе-бет қалдырылса, керісінше элита саналатын бақуатты топтың өмір сүруіне мол мүмкіндіктер жасалды.

Шерушілер полицияның зорлық-зомбылығынан қорғанудың өзгеше түрлерін ұйымдастырып, қолданды. Әрбір жаппай тұтқындаудан кейін түрмелердің алдында стихиялы түрде отырыс-демонстрация өтті және бұл жиі қайталанып, қарсылық тәсілдерінің біріне айналды. Ащы мысқылды әзіл баннерлер демонизация мен Indiseis (инфилтрация) терминін пайдалануды сынға алды. Кейбір баннерлерде «Je suis Khandas» (Moundassin келді деп есептелетін аймақтың атауы), «Біз Moundassin-быз», «#Indiseis», «Бұл Indiseis төңкерісі», «Келіндер және Indass әрі менің қандай жұмсақ екенімді көріңдер» деп жазылса, біреулер топтың ішіндегі жасырынған полиция «тыңшыларын» әжуаға айналдырып жатты.

Moundassin-тың осындай рекламациясы кең тарады. Бейруттың саудагерлер қауымдастығының басшысы шерушілерді «коммунистер» («Ресейдің запраны») деп атап, елдің экономикасы мен «өркениетті» келбетін қирататындығын айтқан кезде шерушілер Бейруттың орталығындағы қолжетімсіз, «сәнді» және заңсыз жекешелендірілген ауданды Сук Абу Рахоуза яғни «арзан қол дүниелер базарына», ұсақ-түйек және шокпыт базарына айналдырып,

мыңдаған адам комментарийге бір ауыздан пародия жасап, жаңа алаңды көңіл көтеретін орын қылып алды.

Қаладағы қоқыстарға байланысты өршіген наразылықтардан біз ливандық тап жүйесі мен азаматтыққа қатысты қандай қорытынды жасай аламыз? Ливанның реттеу жүйесі саяси элитаға қалдықтарды басқаруға қатысты ұсыныстардан да пайда табуға мүмкіндік береді, бұл элита тұрғындармен саяси сектанттық нығайтып тұрған капиталистік-экономикалық қатынастардың желісі арқылы тығыз байланысқан. Ливандағы биосаясат элита саналмайтын бұқараны бағындыра және бақылай отырып, элиталық топ пен олардың өмірін жоғары экономикалық категорияға айналдыратын неолибералды мемлекеттік және конфессияаралық акторлармен тікелей байланысты.

Көптеген қоқыс полигондары маргиналды аймақтарда орналасқан. Іс жүзінде Sukleen компаниясымен арадағы келісімшартқа 1998 жылы қол қойылған сәтте, қоршаған орта мен адам денсаулығына аса қатты зиян тигізетін орын ретінде қарастырылған үлкен қоқыс полигонына баратын жолды Наамех ауданының тұрғындары жауып тастаған кезде-ақ аяқталған. Үкімет бұл полигонды 2004 жылы жабуға уәде бергенімен, ол 2015 жылға дейін пайдаланылып келді. Қоқыс полигонына жақын жерде өмір сүретін адамдар қоршаған

ортаның зиянды әсерін, токсиндер канцерогенді ықпалын сезініп келеді, қоқыс дағдарысы мен тап арасындағы байланысты иллюстрациялағанда үкімет пен сектанттық партиялардың қоқыс полигондарына жақын жерде өмір сүретін адамдар тобын бақылап, оларды өлімге итермелеп отырғанын көреміз.

Дегуманизация үлгісі мен полицияның қаталдығы және қоқыстың салдарынан тұрғындарды экологиялық зорлық-зомбылыққа ұшырату сыбайласқан жетекшілердің ондаған жылдар бойы Ливанды басқарудағы тәртібінің архитектурасы болып отыр. Қоқыс дағдарысы мен көшелерде қалдықтардың жиналуы

саяси биліктегі жемқорлықты ашық көрсетіп қана қоймай, сектанттық-ұлттық мемлекет пен оның саясатына тереңдеп еніп кеткен зорлық-зомбылықтың таптық және нәсілдік аспектілерін де жария етті. ■

Хаттарды Нисрин Шаер <nisrine.chaer@gmail.com> жолдауға болады.

> Аса зор қатігездікті заңдастыру: Израиль

Лиза Хаджар, Калифорния университеті, Санта Барбара, АҚШ



Газа қаласына израильдік соққыдан кейінгі жарылыстың түтіні мен өрт, шілде, 2014.

2016 жылдың 15 ақпанында Джордж Вашингтон университетінің профессоры, әлеуметтанушы Амитаи Этциони израильдік Ha'aretz журналына «Израиль жойқын жарылғыш қаруды Хезболла зымырандарына қарсы қолдану мүмкіндігін қарастыруы қажет пе?»¹ деген публицистикалық

шолу мақала жариялаған болатын. Аты аталмаған бір Израильдік шендінің сөздерін келтіре отырып, Хезболланың 100000-ға жуық зымыраны барын және тағы бір әскери басшының ол зымырандардың жеке тұлғалар үйінде орналасқанын әрі мұның ұлттық қауіпсіздік төңірегінде алаңдаушылық тудырып

>>

отырғанын айтады. Этциони аталмыш «зымырандарды жою үшін құрлықтық әскерді жіберу екі жақтан да көптеген адам шығындарын әкелуі мүмкін» деп, оған балама ретінде көз жететін диапазондағы барлық ғимараттарды жермен жексен етуге қабілетті қозғағыш арқылы іске қосылып, аэрозоль бұлттарын тудыратын Әуе май жарылғыш заттарын (FAE) пайдалануды талқылайды. Оның ойынша, бейбіт тұрғындар жарылыс туралы алдын ала ескертілгенімен, кездейсоқ құрбандардың болуы бек мәлім. Сондықтан, Израиль FAE қолдануға мәжбүр болған жағдайда, Израильді жақтырмайтын шетелдік әскери сарапшылар мен мамандар мұндай зымырандарға қалай жауап беру керектігін анықтауы қажет дейді.

Мемлекеттер өзін-өзі қорғауға құқылы, бірақ қару қолдану әскерлер мен әскери нысандардың және бейбіт тұрғындар мен нысандар арасындағы айырмашылық, сәйкесінше күш қолдану қағидасына негізделетін Халықаралық гуманитарлық құқықпен реттеледі. Мемлекеттер әскери нысандарға қатысты сәйкесінше күш қолдануы тиіс және әскери нысандар заңды болып табылуы шарт; бірақ, тіпті Хезболлалық зымырандар жеке тұлғалар үйінде орналасқаны рас болса да, FAE сияқты жойқын жарылғыш заттарды қолданудың кез келген сценарийі сәйкесінше күш қолдану және айырмашылықты сақтау сияқты негізгі гуманитарлық қағидаларды бұзады.

«FAE қолдану сияқты зорлықты заңдастыруда шетелдік әскери сарапшылар мен қоғамдық интеллектуалдардың демеуі қажет» деген Этционидің ұсынысы Израильдің халықаралық құқыққа деген көзқарасымен мағыналас болып отыр. Халықаралық гуманитарлық құқықты жиі бұзып отыратын мемлекеттер мен содырлық ұйымдардан Израильдің жалғыз айырмашылығы – өзінің зорлық әрекетін стратегиялық қайта қарау арқылы заңдастыру мүддесі. Мысалы, ол 2000 жылы сотсыз өлім жазасын қауіпсіздік мақсатында қолдану құқығын қорғаған алғашқы

мемлекет болды. Израиль әскери прокуратурасының бұрынғы басшысы Даниель Рейзнердің Халықаралық құқық туралы айтқаны:

«Біз қазір халықаралық құқықты қайта қараудың куәсі болып отырмыз. Егер бір шара төңірегінде ұзақ әрекет етілсе, әлем оны қабылдайды. Егер мемлекеттердің жеткілікті саны қабылдаса, халықаралық құқық – бүгін тыйым салынған нәрсенің ертең рұқсат етілетін дүниеге айналуына құрылған. Халықаралық құқық толықтай зорлық-зомбылықты заңдастыру негізінде дамиды»².

FAE қолданумен байланысты Этционидің сценарийі соңғы кездегі Израильдің қатысуымен орын алып отырған әскери шиеленістердегі нақты оқиғалар мен өзінің стратегиясын айырмасыз жойқын зорлық-зомбылыққа ауыстыруын ақтауы себепті үкіметтің ұсынған негіздемесіне құрылған. 2000 жылдың қыркүйегінде лауазымды тұлғалар «қысқа мерзімді қарулы қақтығыстар»³ деп сипаттаған екінші интифада басында Израиль «жау нысан» деп тапқанның бәріне қорғаныс тәртібінде шабуыл жасауға құқылы екенін айтқан болатын. Яғни, ол айтып отырғандары – Палестина билігіне қарайтын оккупацияланған Батыс жағалау мен Газа. 2002 жылғы наурыздың соңында Нетания қонақ үйінде Хамас мүшесінің ұйымдастырған қантөгісті терактісіне қарсы Израиль Батыс жағалауда ірі көлемді әскери компаниясын бастады. «Қорғаныс қалқаны» операциясы сол кездегі Израильге мүмкін шабуылдар мен болашақ зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында зорлық пен жоюдың жазалау деңгейлерін қамтуға бағытталған «шөп ору»⁴ деп аталатын жаңа стратегияны білдірген. Сәуір айының тоғызындағы Дженин ұрысында (1982 жылдан бергі Израильдің ең ірі әскери операциясы) он үш израилдік сарбаз бен резервистердің барлығы өлтірілген болатын, соның салдарынан лагерді сарбаз шығынынсыз әрі жылдам алу үшін Израильде саяси қысым күшейді. Нәтижесінде ғимараттарға әскер

жіберудің орнына кейбіріне алдымен оқ жаудырылды, палестиналықтар Израиль сарбаздарын қорғау үшін тірі қалқан болуға мәжбүр болды.⁵ Әскери мақсаттарды ескергенде, ол кезеңде әуеден бомбалағаннан құрлықтық операциялар дұрысырақ еді. Алайда, қалалық операциялар – мемлекеттің өз қарулы күші үшін қауіпті әрі күрделі тактика. Адамдарды қалқан ретінде пайдалану қалыпты қорғану стратегиясы болатын, бірақ Израильдің жоғарғы сотының 2005 жылғы үкімі ондай тәжірибеге тыйым салды.

Түбінде осы факторлардың жиынтығы әуеден яки қашықтықтан жою стратегиясына ауысуды ынталандырды. 2002 жылдың 22 шілдесінде Хамас көсемі Салах Шехадехті өлтіру мақсатында ұйымдастырылған операцияда Ф-16 әскери ұшақтары Әл-Дараж қаласының тұрғындары тығыз орналасқан аймағында бір тонна бомба тастады. Бомба Шехадех тұратын тұрғын үй мен жақын орналасқан сегіз ғимаратты күлге айналдырып, тоғыз адамның өліміне себепкер болды. Шехадех пен оның күзетшілерінен бөлек, балаларды қоса санағанда 14 палестиналық қаза тауып, 150 адам әр түрлі жарақат алды. Бомба көлемі мен тұрғын алабын нысандауға қоғамдық наразылық израилдік әскерилерді тергеу жүргізуге мәжбүрледі. Нәтижесінде әскери қызметкердің, Шехадехтің содырлық қатыгездігіне қатысты бағыты ақталып, біршама әскери қателіктерге жол бергені мойындалды. Атап айтқанда, Шехадех қорғанының жанында бейбіт тұрғындардың болуы турасындағы ақпарат дұрыс берілмеді деп сипатталды.⁶

«Кінәсіз азаматтық тұлғалардың» «занды нысаналар» арасында болуы риторикасынан құтылу үшін Израильдің де-факто тірі қалқан ретінде пайдаланған адамдарды «жау азаматтық тұлғалар» санатына жатқыза отырып, қаза болған бейбіт тұрғындардың кінәсін Израиль соққы берген, ұйымдасқан топтарға жапты. Соған ұқсас Тель-Авив университетінің профессоры Аса Кашар мен Израиль әскери

кеңесшісі генерал Амос Ядлин 2005 жылғы бірігіп жазған эссесінде әуе операцияларындағы соққыларын «этикалық» таңдау болды деп суреттеген. Олардың жазғандары:

Егер террористер комбатант емесер қатарынан алынып тасталса, жауынгерлер арасында шығынды азайту ең соңғы басымдық қатарына жатады. Біз мұндай тұжырымға мүлдем қарсымыз, себебі бұл – адамгершілікке жат. Комбатант – формадағы азамат. Ол Израильде көбіне не әскерге шақырылған кісі, не жаттығу үстіндегі азамат [...] Террорға қатысушы тұлға [...] террорға қатысы жоқ тұлғалар арасында өмір сүріп, әрекет ету фактісі оларды қудалаушы жауынгердің өмірін қауіпке тігуге негіз бола алмайды.⁷

Азаматтық тұлғаларға қатысты әскер қауіпсіздік басымдылығын осылайша қайта қарау азаматтық иммунитет қағидасына кереғар. Сондай-ақ, ХГК этникалық бірегейлік негізінде айырмашылыққа жол бермейтіндігіне де қарсы. Мұны Грегуар Чаміоу XX ғасырдың екінші жартысында орын алған өзін-өзі сақтау ұлтшылдығының әсерінен халықаралық заңдардың бұзылғанын⁸ көрсете отырып, қарулы қақтығыс заңының жарғышы және «император жауынгеріне тиіспеушілік қағидасы»⁹ ретінде сипаттайды.

2005 жылы Израиль біржақты тәртіпте Газадан өз әскерін шығарып, аймақты қоршауға алды. 2006 жылы Хамас жеңген палестиналық парламенттік сайлаудан кейін және Палестина билігін Газадан ығыстырған 2007 жылғы фракциялық шиеленістен соң Газаны қоршау күшейді. Бұл оқиғалар желісі Израильдің Газа содырларға бүйректерін бұрып тұрушылар мекендейтін террористер басқаратын аумақ және онда Хамас адамдарды тірі қалқан ретінде пайдалануда деген айыптарын қуаттады.⁹ Бұл ресми көмкеру Израильдің 2000 жылы окупацияланған Оңтүстік Ливаннан бір жақты тәртіпте әскер шығарғаннан кейінгі Израильдің Хезболла басшылығындағы Ливан

аймақтары туралы риторикасымен салыстыруға келеді. Газаны шетелдік әрі жау деп суреттеу Израиль, тіпті өзі соққы жасаған кезде де азаматтық тұлғалардың қауіпсіздігіне жауап беруге міндетті емес дегенді білдіретіндей көрінді. Нив Гордон мен Никола Перугини түсіндіргендей, «post-hoc көмкеру бейбіт тұрғындарды көптеп өлтіретін бомбалауды заңдастыру үрдісі үшін шешуші рөл атқарады, өйткені ол Израиль күшті халықаралық құқық шеңберінде қолданылып отыр. Сондықтан этикалық жағынан дұрыс».¹⁰

Израильдің 2006 жылғы Ливанға басып кіруі барысында «Дахия доктринасының» Бейруттің оңтүстік қалаларындағы тығыз шоғырланған қуатты шеіиттерді толықтай жою стратегиясына сай қасақана сәйкес емес күш қолданды. 2008 жылы Израильдің Солтүстік басқармасының бұрынғы басшысы генерал Айзенкот мәлімдемесінде «2006 жылғы Бейрут аумағындағы оқиға Израильге оқ атқан әрбір ауылда орын алады [...] Біз онда сәйкес емес күш қолданып, аймақтарды жермен жексен етеміз. Біздің тұрғымызда олар бейбіт ауылдар емес, керісінше әскери базалар [...] Бұл – ұсыныс емес. Бұл – жоспар және ол бекітілген».¹¹ Стратегиялық қисынды 2008 жылы қазанда зейнеттегі полковник және стратегиялық сарапшы Габи Сибони жалғастырды:

Қарсыластардың әлсіз тұсына тең емес соққы беру соғыс жүргізудің негізгі басымдығы болса, зымыранды іске қосудың алдын алу операциялары қосымша басымдық[...] Мұндай әсер қайта қалпына келудің ұзаққа созылып, қымбатқа түсіретін залал келтіру мен жоғары дәрежелі жазалауы. Соққы мүмкіндігінше жылдам жүзеге асып, бірінші кезекте, іске қосу механизмдерін анықтауға баса назар аудару қажет [...] Мұндай жауап естен шықпайтындай соққы бола отырып [...], израильдіктерге шабуыл жасау мүмкіндіктерін ұзақ уақытқа шегереді.¹²

Шынында да, осы жаңа стратегия қабылданғаннан кейін 2 айдан соң Израиль Газа секторында

«Құйылған қорғасын» операциясын бастады. БҰҰ құзіретті дерек жинау миссиясының баяндамасына сәйкес израильдік әскерилер де, палестиналық соққы беруші топтар да әскери қылмыстар мен бәлкі адамзатқа қарсы қылмыстар жасаған. Баяндамаға сай, Израиль «Газа халқын толықтай» нысанға алып, бейбіт тұрғындар мен содырларды ажырата алмаған; азаматтық инфрақұрылымдарға израильдік шабуылдар қасақана, алдын-ала ойластырылып, ұйымдастырылған әрі анағұрлым ірі стратегияның бір бөлігі болған.

2014 жылғы Газадағы соғыс, сөзсіз, бүгінгі таңның ең қатал әрі жойқын көрінісі болып отыр. «Қорғаныс тіреуі» операциясында 6000-нан астам әуе соққысы, 50000 артилериялық не танк снарядтары, қоса алғанда шамамен 21 килотонна жарылғыш заттар іске қосылған. Қаруды дрондар, Апачи және 2000 фунттық бомбаларды көтере алатын Ф-16 ұшақтары арқылы қолданған.¹³ Нысанға түрлі масштабтағы инфрақұрылымдар алынған, оның ішінде, су қоймалары, электр желілері, емхана, мектеп, университет, көпқабатты үйлер, сауда үйлері және Хамаспен байланысы болуы мүмкін құрылымдар бар. Соғыс нәтижесінде 2100 палестиналық қаза тауып, 11 мың тұрғын әртүрлі дәрежелі жарақаттар алған, олардың басым бөлігі бейбіт тұрғындар болатын. Толықтай отбасылар жойылып, қала орамдары түгелімен жермен жексен болған.¹⁴

Әсіресе, қазіргі соғыс жүргізу тәсілдері қатты өзгерген уақытта соғыста ненің заңды екенін тәтпіштеулер мемлекеттер практикасының, соның ішінде қуатты мемлекеттер практикасының арқасында қалыптасады. Израильдің қатігездіктің аса жойқын түрін қолдануы және өзге мемлекет азаматтарының имунитеттерін елемей, сөзсіз, ассиметриялық қақтығыстарға қатысып отырған мемлекеттердің осындай ақталуды пайдалануға қызығушылығын арттырады. Шындығында, Этциони-дің шетелдік әскери сарапшылар мен қоғамдық зияткерлерді болашақта

FAE сияқты жойқын қаруларды пайдалануды алдын ала талқылауға шақыруы қатігездікті заңдастыруға шақыру болып саналады. Бұл сценарий, керісінше, құқық пен соғыстың өзара байланысын жақсы түсінетін және оны ХГҚ шеңберінде халықаралық түсіндірмесін бере алатын әлеуметтік ғалымдардың рөлін арттырады. Бұл рөл сәйкесінше күш пен адамдар арасын ажыратпайтын қару қолданудың заңсыз тұстарын анықтаумен тығыз байланысты болмақ. ■

Хаттарды Лиза Хаджарға <lhajjar@soc.ucsb.edu> жолдауға болады.

¹ Осы нұсқаға тоқтамас бұрын атауы екі рет өзгертілді. Ben Norton-ды қараңыз. "Prominent American Professor Proposes that Israel 'Flatten Beirut' – a 1 million-person city it previously decimated," Salon, February 18, 2016.

² Yotam Feldman and Uri Blau, "Consent and Advise," Haaretz, January 29, 2009, мына жерден қарауға болады <http://www.haaretz.com/consent-and-advise-1.269127>.

³ See Asher Maoz, "War and Peace: An Israeli Perspective," Constitutional Forum 14 (2) (Winter 2005): 35-76.

⁴ Efraim Inbar and Eitan Shamir, "'Mowing the Grass': Israel's Strategy for Protracted Intractable Conflict," Journal of Strategic Studies 37(1) (2014): 65-90.

⁵ Yael Stein, Human Shields: Use of Palestinian Civilians as Human Shields in Violation of High Court of Justice Order (Jerusalem: B'tselem, 2002).

⁶ IDF Spokesperson, "Findings of the inquiry into the death of Salah Shehadeh," August 2, 2002, available at <http://www.mfa.gov.il/mfa/government/communications/2002/findings+of+the+inquiry+into+the+death+of+salah+sh.htm>.

⁷ Kashar and Yadlin, "Assassination and Preventive Killing," SAIS Review, 25(1) (Winter-Spring 2005): 50-51.

⁸ Grégoire Chamayou, A Theory of the Drone, trans. Janet Lloyd (New York: The New Press, 2015): 134.

⁹ Ibid., p.130.

¹⁰ See Neve Gordon and Nicola Perugini, "The Politics of Human Shielding: On the Resignification of Space and the Constitution of Civilians as Shields in Liberal Wars," Society and Space, 34(1) (2016): 168-187.

¹¹ Ibid.

¹² "Israel Warns Hizbullah War Would Invite Destruction," Ynet, October 3, 2008, <http://www.ynetnews.com/articles/0,7340,L-3604893,00.html>.

¹³ Gabi Siboni, "Disproportionate Force: Israel's Concept of Response in Light of the Second Lebanon War," INSS Insight, 74 (October 2, 2008), <http://www.inss.org.il/index.aspx?id=4538&articleid=1964>.

¹⁴ Rashid Khalidi, "The Dahiya Doctrine, Proportionality, and War Crimes," Journal of Palestine Studies, 44(1) (2014-15): 5.

¹⁵ See "50 Days of Death and Destruction: Israel's 'Operation Protective Edge,'" Institute for Middle East Understanding, September 10, 2014, <http://imeu.org/article/50-days-of-death-destruction-israels-operation-protective-edge>.

> Бейбіт тұрғындарды қорғау: Хаджарға жауап

Амитаи Этциони, Джордж Вашингтон университеті, Вашингтон, АҚШ

Лиза Хаджар мен жазған шолуды зорлық-зомбылықты заңдастырудағы көпқырлы израильдік компанияның келесі қадамы ретінде көрсеткен болатын. Оған жауап ретінде, алдымен, шолу жазудағы ниетімді білдіріп, кейін негізгі мәселенің не екенін және оны қалай шешуге болатынын сөз етемін.

Мен 1948-1950 жылдары достарымның көпшілігінен айырылдым, сонымен қатар талай еврей және араб азаматтардың өліміне куә болдым. Мұндай адамды қалыптастырушы тәжірибе (соғыстың уақытында 20 жаста едім) ойымда барлық соғыстың мейлі әділ болсын, мейлі болмасын, бәрібір – қайғылы және оның алдын алу үшін біз көп нәрседен өтуіміз керек екен деген сезім тудырды. Ядролық соғыстан құтылу тақырыбына екі кітап арнадым (The Hard Way to Peace және Winning without War); Трафальгар алаңында ядролық бомбаларға қарсы демонстрацияларға қатыстым, дегенмен, осы белсенділігімнің арқасында Колумбия университетіндегі жұмысымнан айырылып қала жаздадым. Мұнан кейін де алғашқылардың бірі болып Вьетнамдағы соғысқа қарсы белсенділер қатарында жүрдім (алған әсерім мен тәжірибем My Brother's Keeper: A Memoir and a Message атты кітабымда баяндалған). Мінбелерден Американың Иракқа басып кіруіне қарсы пікірлер айттым. Қауіпсіздік мәселесінде кеңейтілген ғылыми зерттеу негізінде, исламдағы діни мәтіндерді бөлшектеп, саралап зерттей отырып, исламның шынайы болмысын зорлықты құптамайтын дін деп бағалаймын. Соңғы уақытта жазған жиырмадан астам мақалама шолу жасаушылар Қытай мен АҚШ-тың соғысқа баратынын, әрі қытайлық және америкалық ұйымдасқан зияткерлер бірін-бірі кепілді ұстап тұруды қолдайтын топқа айналып бара жатқанын ескертті. Қысқасын айтқанда, 1950 жылдары жазылған еңбектерім дұрыс оқылмағанымен, сол уақыттағы өмірімнің басым бөлігі зорлық пен оны ауыздықтауға арналды.

Өкінішке орай, өзіме қатты ұнайтын Израиль мен Палестинаның, қос мемлекеттік билік шешіміне қарай ығысуына ықпал ететін нақты жолдарды таба алмадым. Палестиналық ғалым Шибли Телхамимен бірге өткенге үңілуді тоқтатқан жағдайда ғана «біз алға жылжымыз» дегенді ұсынғанбыз. Осы қайғылы жағдайға «кім кінәлі?» дегеннің орнына, «енді қайда бағыт аламыз?» деген дұрысырақ болмақ. (Қос мемлекеттік билік құрғаннан кейін өткенді зерттейтін, шындық пен әділеттілікті анықтайтын комиссия құруға уақыт жеткілікті болатындығы турасында жазған болатынбыз).¹ Бір жағын не Жерорта теңізіне батырып, не Иорданияға қуып шығу керек деп ойлайтын кейбір есерсоқтармен салыстырғанда, мен жердің екі халық үшін де жеткілікті екенін айтқанмын.²

Соңғы шолуым турасында. Хаджардың пікірінше, мақала қантөгісті заңдастыруға бағытталған. Керісінше, ол – қантөгістен аулақ болуға шақырады. Хезболла 100000 жуық зымыран жинап, Израильді жойғысы келетіні даусыз. Олар өзінің мақсаттары мен күш-қуатын ешуақытта жасырған емес. Израильдің өз халықаралық міндеттерін толық атқарып шыққан жағдайына қарамастан, Ливаннан әскерін шығарғаннан кейін де, нақтырақ айтсақ 2006 жылы Хезболла зымырандарын Израильге тайсалмай жаудырған шақта БҰҰ әзер дегенде Израильді қолдағанын білеміз. Одан зоры, Хезболланың зымырандары жеке адамдар үйінде сақталатыны жайында деректер бар. «Халықаралық қауымдастық алдындағы міндеттерін толық орындағаннан басқа Израиль тағы не істеу керек?» деген заңды сұрақ туады.

Осы себепті, өзімнің қысқа шолуымда аталмыш зымырандар тағы да іске қосылмай тұрғанда, «Мұндай шабуылдарға Израиль қалай жауап беруі керек?» деген этикалық, құқықтық және прагматикалық сұрақ қоюымыз қажеттігін айтқанмын. Мақсат – зорлық-зомбылықты заңдастыру емес, оның алдын алу. Егер Израиль әскері

>>

“Мақсат – қатыгездікті заңдастыру емес, оның алдын алу”

сол зымырандарды жою үшін үймен үйді араласа, екі жақтан да адам шығыны көп болатынын ескере отырып, ондайдан аулақ болуға шақырғанмын. АҚШ-тың Токио мен Дрезденде бейбіт тұрғындарға шабуыл жасағанын айтқанымда, Израиль де 2006 жылы Бейрутте солай жасады деген қарымта жауап алдым. Бұл жауапқа да қарсы пікірімді білдірдім.³ Екі америкалық әскери сарапшының қуатты жарылғыш заттарды зымырандар орналасқан жердегі бейбіт тұрғындардың қауіпсіз жерге көшірілгеннен кейін іске қосу туралы ұсыныстары жайында айтқанмын. Алдын ала қауіпсіздік шаралары орындалып жатса да, ұрыс жүргізудің қай тәсілі қолданбасын жанама шығын әрдайым болады. Соғыс атаулыдан толық бас тартудың негізгі себебі де – дәл осы жанама шығындар. Ойымды «Хезболланың зымырандарды қолдануы турасында дұрыс шешім шығару үшін сыртқы сарапшылардың әскери шиеленіс ошақтарына қатысып көруі қажет» деген ұсынысыммен аяқтаған болатынмын.

Мен Хаджар келтіріп отырған израильдіктердің түрлі ұсыныстары мен сол ұсыныстардың нәтижелеріне баға беретін жағдайда емеспін. Алайда, мұны тек Израильдің ғана мәселесі деп қарауға әсте болмайды. Ондай көзқарас бұрыс шешім қабылдауға ықпал етері анық.

Бұл – АҚШ пен оның жақтастары тап болып отырған әскери қақтығыстың негізгі қағидасы болып табылатын, әрі «адамдар арасындағы айырмашылықты сақтау қағидасын» террористер әрдайым бұзып отыратын Таяу Шығыстың толғақты мәселесі.

Негізінен, содырлармен күресуге тырыскандар екі нұсқада ойлайды: бірі елді Ислам мемлекеті сияқты зұлымдарға тастайды, екіншісі бейбіт нысандарды жарып, көп адам шығынына қалады. Екеуі де қолданысқа жарамайтын нұсқа. Менің шолуым оқырмандарды осы дилемманы шешуге шақырса, ол туралы Хаджардың мәлімдемелерінде үн жоқ. ■

Хаттарды Амитай Этциони amitai.etzioni@gmail.com жолдауға болады.

¹ Etzioni, A. and Telhami, S. “Mideast: Focus on the Possible.” The Christian Science Monitor, June 17, 2002

² Etzioni, A. “Israel and Palestine: There’s Still Room at the Inn.” The National Interest, April 9, 2014 <http://nationalinterest.org/commentary/israel-palestine-theres-still-room-the-inn-10212>.

³ Etzioni, A. “Should Israel Consider Using Devastating Weapons Against Hezbollah Missiles?” Haaretz, February 15, 2016 <http://www.haaretz.com/opinion/.premium-1.703486>

> Адамгершіліктен жүрдай әлемде адам болып қалу туралы:

Владимир Ядовты еске алу

Дмитрий Н. Шалин, Невада университеті, Лас Вегас, АҚШ



Владимир Ядов 2009 жылы, 80 жылдық мерейтойына орай.

1 960 жылы Ленинградтағы нақты әлеуметтік зерттеулер зертханасы жаңадан сәнге айналған «тарихи материализм» негізінде зерттеу бағытын қамтамасыз ету үшін күресіп жүрген әлеуметтанулық ғылымдар ошағы еді. Болашақ әлеуметтанушылар бақылаушыға маркстік және лениндік философияның болжауымен байланысты бағытты анықтап, таратуға мүмкіндік беретін әлеуметтанулық құралдарды коммунизм жолындағы прогресті зерттеуге мүмкіндік алу үшін Кеңес билігімен келісімге барды. Владимир Ядов – саланың жарық жұлдыздарының бірі, большевиктік төңкеріс пен сталиндік репрессия нәтижесінде тозығына жеткен ресей әлеуметтанушының қайта гүлденуінің бастамашысы. Ядовтың әріптестерімен бірігіп шығарған «Адам және оның жұмысы» атты тың зерттеуі мен «Әлеуметтанулық зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі» атты жеке монографиясы қалыптасу үстіндегі ғылыми кеңістікте оны алдыңғы қатарға шығарды.

1968 жылы жетекшім Игорь Кон мені Ядовтың лабораториясына жетектеп алып барғанда Ленинград мемлекеттік университетінің 3 курс студенті болатынымын. Ол кезде Юрий Левада, Игорь Кон, Георгий Щедровицкий сияқты әлеуметтанулық зерттеудің пионерлері бастаған интеллектуалды орталықтар елдің барлық ірі қалаларында пайда болып жатты. Олардың либералды көзқарастары, шетелдік әдебиеттермен

таныстығы және ашық есік саясаты болашағынан үміт күттіретін интеллектуалдарды тартып, жас әлеуметтанушыларға оң ықпал етті.

Ядов өзінің ашық мінезімен және мәртебелік артықшылықтарға назар аудармайтындығымен ерекшеленді. Оның ресми догмалар шеңберінен шығуға дайындығы сергітуші ықпал болды. Ол үшін үшінші курс студенті мен атағы жер жарған ғалым арасында еш айырмашылық болған жоқ. Қасындағы әріптестерінің оның назарын аудару үшін күтіп тұрғанына қарамастан, маған тұлға теориясын егжей-тегжейлі түсіндіргені әлі есімде. Маңыздысы, сол кездегі кеңестік инженерлер мен жұмысшылардың құндылықтары мен олардың еңбекке көзқарасын зерттеуге қосылатын үлес болды. Аталмыш көзқарастар теориялық болжамдармен әрдайым үйлесе бермейтін: жұмысшылар партияның қасиетті келешек туралы идеясын қолдауға аса құлық танытпағанымен, олар үшін жұмыс орнымен байланысты материалдық игіліктерге қол жеткізу анағұрлым қызығырақ болатын. Алпысыншы жылдардың аяғына қарай эмпириялық әлеуметтану рухы коммунистік партия идеологтарын желкелей түссе, Прага көктемін жаныштау үшін Кеңес Одағы Чехославакияға басып кіргеннен кейін кеңестік әлеуметтану мен оның либералды ұмтылысы үшін қиын қыстау кезең болды. Ядов өзінің зерттеу тобын және Ресей академиялық ғылымының зерттеу бөлімін құтқару

үшін қолдан келгенінің бәрін жасағанымен, нәтижесінде өзі қуылып, жұмыс тобы тарқатылды. Ядов өзін әрдайым арлы азамат ретінде ұстады. Оның гуманизмін жоқ қылып, сағын сындырғысы келген әріптестерін сынаудан бас тартты.¹

1975 жылы Ресейден АҚШ-қа көштім. Менің Ядовпен байланысым Михаил Горбачевтың реформалар кампаниясы басталған 1987 жылға дейін үзілді. Ол уақыт ресейлік әлеуметтану үшін өткен күннің сыбағасын қайтаруға талпынған аласапыран күндер еді.² Кейін Горбачев жариялылық пен қайта құруға шақырды. Ертеректе қуылған әлеуметтанушылар әлеуметтану институты және Қоғамдық пікірді зерттеу орталықтары сияқты жаңадан құрылған зерттеу ұйымдарына қайта шақырылды. Мәскеуге көшіп келген Ядовты әріптестері Ресей әлеуметтанушылар қауымдастығының президенті және Ғылым академиясы жанындағы әлеуметтану институтының директоры етіп сайлады.³ Сіңірген еңбегі үшін Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының вице-президенті болып тағайындалды.

1988 жылы реформашыл ғалымдар бастамасымен ашылған Кәсіби этикалық кодекс еркін сұрау салу мен еркін пікірталас құқығын әлеуметтік ғылымдар үшін өмірлік маңызға ие деп айшықтады. Әлеуметтанушыларды қарсыластарға шыдамдылық танытып сыйластықпен қарау, бұлттармай сынау, «идеологиялық жабысқақтан» қашу, ғылыми пікірталастарда билікті араластырудан бас тартуға шақырып, Ресей зияткерлерінің арасындағы рухты іздеу кезеңін жаңғырту мақсатында өткенге бойсынуды ұсынды.⁴

Перестройканың жалғасы болған рухани қайта құру кезінде көбі іштей қарсы болғанын айтып, кеңестік мұрадан бас тартуға асығып, ел алдында коммунистік партиялық билеттерін жойып жатты. Алайда, Владимир Ядов олай жасаған жоқ. Либералды интеллегенцияға қарсы кеңестік компания басталғанда қысым көрсетушілер жағында болмады. Ядов өз партиялық билетін сақтап, Пальмиро Тольятти қолдаған Еуро-Коммунизмге соңына дейін адал болды әрі демократияны ең адамгершіл саяси және экономикалық жүйе деп есептеді. Әлеуметтік реформада білімді қолданудың мысалын келтіре отырып, әріптестерін қоғам мәселелеріне жеке бас мәселесіндей қарауға шақырды. «Тек кітап жазумен шектелсек, әлеуметтанушы ретіндегі міндетіміз толық орындалмайды. Жер шарын әлеуметтік қайта құру үшін аянбай еңбек етуіміз шарт. Жемқорлықпен күрес, тәуелсіз сотты құру, салық салудың прогресшіл жүйесін дамыту және т.б. – қазіргі жағдай шындығы және халық талабы», - деп жазады Ядов.

Владимир Путин билікке келгенде, тарих бағыты тағы өзгерді. Ол өз бағдарламасын көрсетуге асықпады. Оның бірінші президенттік мерзімінің бірнеше жылынан кейін азаматтық қоғам мен оның институттарына мүдделілігі төмен екендігі байқалды. Посткеңестік идея төңірегіне ыңғайлы жайғасқан әлеуметтанушылар енді билікті одан әрі сынау қауіпсіз еместігін түсінді. Қоғамдық

наразылыққа шығып, өз конституциялық құқығының орындалуын талап етушілер репрессияға тап болды.

2010 жылы ультра ұлтшыл интеллектуалдар Ядов басқарған ұйымға балама әлеуметтанушылар қауымдастығын құрды.⁵ Орыс ұлтшылдығының жақтасы және балама әлеуметтанушылар қауымдастығының шабыттандырушысы Геннадий Осиповқа қарсы шыққаннан соң, Ядов өз қарсыластарына прото-фашист деп жалған жала жапты деген айыптан өзін қорғауына тура келді. Реакциялық саясат, оның үстіне қарттық пен аурудан шаршаған Ядов өзін күн өткен сайын маргинал сезіне берді.

2009 жылы 80 жылдық мерейтойының қарсаңында студенттері мен достары Ядовтың Ресей әлеуметтануына қосқан үлесінің салмағын саралайтын мақалалар жинағын жариялады. Достары Володя деп атап кеткен Ядов өз елінің болашағына қатысты оптимизмін жоғалтпаған. Пікірталастарға қатысуын тоқтатпай, өзінің және жас әріптестерінің ғылыми зерттеулеріне қызығушылық білдіруін жалғастырды. Алайда, ресей әлеуметтануындағы азаматтық құқықтың шектеліп, вирулентті ұлтшылдықтың артқанын сезгенде оның көңілі жабырқай түсті.

2006 жылы әріптесім Борис Докторов екеуміз Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі әлеуметтанудың қайта жаңғыруы туралы онлайн деректер жинау – «Халықаралық өмірбаяндық бастама» жобасын бастағанда Ядовпен байланысым қайта жанданды.⁶ Қолдау білдірген оқымыстылар арқасында, ресейлік әлеуметтанушылармен сұқбат жүргізіп, онлайн-форум өткізе отырып, әлеуметтануда өмірбаяндық әдісті қолдану аясын кеңейттік. Ядов жобаға қатты қызығушылық танытты. Ол сұқбат беріп ғана қоймай, Хрущевтың кезінен перестройкаға дейінгі әлеуметтану эволюциясына қатысты құжаттар және өзі жазған мемуарларымен бөлісті.

Владимир Ядов 2015 жылдың 15 шілдесінде дүниеден озды. Қазасынан бірнеше ай бұрын екеуміз ресей әлеуметтануының тағдыры мен елдегі жағдай жөнінде белсенді онлайн-диалог бастаған болатынбыз. Кеңестік режим кезіндегі ғалымдардың тірі қалу үшін қандай компромистерге барғаны, елден кетуге шешім қабылдаған зияткерлер кездестіретін этикалық дилеммалар, репрессия зардабынан қаңырап қалған елде өмір сүрудің адамгершілік құны, Горбачев революциясынан кейінгі қайта жанданған әлеуметтану, Путин кезіндегі сөз еркіндігіне келген залал, саяси реформа мүмкіндіктерінің азаюы, сонымен бірге оппозициялық зерттеу жүргізетін және билікке тік қарап шындықты айту интеллектуал өмірі, еркіндігі, тіршілік құралына кері ықпал етуі мүмкін елдегі қоғамдық әлеуметтану болашағы туралы еркін пікір алмастық.

Володя біздің пікір алмасу негізіндегі әңгімелерімізде 1937 жылы тазалау террористік компаниясына тап болған туысы туралы алаңдаушылықтары және антисемиттік көңіл-күй жайлаған елде өзінің еврейлік тегін жасырғысы

келетіндігін ашық айтты. Бұрын жасаған кейбір компромистерді бүгін жасамамас едім дейді: Мәскеуге Юрий Леваданы идеологиялық сессияда қорғау үшін бара алмағаны және партияның кейбір жиындарында әріптестерін сөгу рәсімдерінде қорқақтарша үндемегені үшін өзін ыңғайсыз сезінетінін білдірді.

Володя адал оқымыстылар тобын жинауға көмектескен қасиеттері туралы да сөз қозғады: «Мен темпераментім бойынша холерикпін,» «Жарыла кететін мінезді экстривертпін», «жасырын ақпараттық сақтау мен үшін қиын». Бірақ, осы қасиеттер достық қарым-қатынас жасап, атақтың бағасы төмендеп, ортақ іске үлес қосу маңызды болып табылатын зерттеушілер тобын құруға көмектесті.

Саяси ұстанымы туралы сұрағанымда, Ядов «Шындығында, Иса бірінші социалист болған. Мен социализмнің қолдаушысы болдым және қала беремін» деп мақтанды. «Шынайы әлеуметтік механизм демократиялық сайланған өкілдер әлеуметтік жіктер арасындағы алшақтықты азайтуға бағытталғанда ғана дұрыс жұмыс істейді».

Ядов шетелге көшкен әріптестері туралы ойлана отырып, «Мен оларды толықтай түсінемін. Дегенмен, олардың әрқайсысы түрлі мотивпен шешім қабылдады. «Перестройканың табысты жылдары Әлеуметтану институтының директоры ретінде шетелде оқытатын бағдарламаға қатысушыларды таңдаған болатынымын, Британдық Кеңес барлығы елге оралуы шарт дегенімен, мен кім қайтар, кім қайтпас екен деп біраз абыржыдым».

Ядов ультра патриоттық нанымды қабылдаған әріптестерінің кеңестік кезеңдегі істерін талқылай отырып, «Кеңестік уақытта Осипов, Добренков және Жуков сияқтылар номенклатура адамдары болды, қазір де сол статуска жатады. Олар, ең алдымен, «патша үшін» деген белгілерді сыйлайды [...] Мен танитын Осипов - бетіңе қарап тұрып өтірік айтатын және көтерісшілерге қарсы дұшпандық ұйымдастыратын адам». Ядов «жеке басының қастық ғадеттерінен тиылмаған құлдық санадағы оқымыстылар мен әкімшілерді ашық бақылауға шақырады. «Оларды қалай пайдаланғаны және сатқындығы туралы шындық күндердің күнінде әлеуметтанушыларды таң қалдырары сөзсіз», - дейді.

2011 жылы 25 маусымда маған жазған хатында Ядовтың қазіргі жағдайдан оқшауланғандығы айқын байқалады: «Мен Путинге жиеркеніштен басқа ештеңе сезінбеймін. Өз халқына жаны ашымайтын билікқұмар, қатігез әрі ұятсыз адам. Аңсағаны байлық бен сән-салтанат. Либералды саясаткерлер туралы сұрағанда не деді? Ол: «Олар билік пен байлықты ғана ойлайды!» деді емес пе? Ал өзінің байлығы мұнай желісін бақылаудан толығып отыр. Ол өз айналасындағы кез-келген адамды, соның ішінде Дмитрий Медведевті де бопсалай алады. Келесі 30 жылда оны көптеген адамдар жек көретін болады».

Уақыт өте келе менің Ядовпен өткізген диалогым Ресейге жол тартып, Володяның алаңдаушылықтары елге аян болады.⁷

Өмірінің соңында, серіктесім Борис Докторовқа «ерекше бақытты ғұмыр кешкенін» айтып, Ядов өзін «жолы болғыш адам» деп санады.⁸ Менің ойымша, оның бірден бір себебі – Ядовтың бос сөзді бет жыртысудан аулақ болып, шанайы шайқастарда күресуді таңдауы болар. Владимир Ядов әлемдегі эмоциялық саналы жанның үлгісі болып табылады: ол өз эмоциясын саналы, санасын эмоциялық дұрыс ұстай білді. Ол компромистерге беріліп қателіктер жасады, армандары орындалғанын және қайта ғайыпқа айналғанының куәсі болды. Дегенмен, қарсыласу мүмкін болмағанда да ол үмітін жоғалтқан емес.

Бүгін біз ұстамды әрі батыл жан Владимир Ядовты еске алудамыз. Тарихты өз еркімен өзгерткен, бірнеше институттың негізін салған және толассыз естеліктер қалдырған қоғамдық зияткердің өмірін атап өтудеміз. Арамызда Ядов сынды адамдар болғандықтан, әлем күннен күнге жақсара түседі. ■

Хаттарды Дмитрий Шалинге <shalin@unlv.nevada.edu> жолдауға болады.

¹ See Shalin, D. (1978) "The Development of Soviet Sociology, 1956-1976." Annual Review of Sociology 4: 171-91; (1979) "Between the Ethos of Science and the Ethos of Ideology." Sociological Focus 12(4): 175-93; (1980) "Marxist Paradigm and Academic Freedom." Social Research 47: 361-82; Firsov, B. (2012) History of Soviet Sociology, 1950s-1980s (орысша). St. Petersburg: European University of St. Petersburg.

² Shalin, D. (1990) "Sociology for the Glasnost Era: Institutional and Substantive Change in Recent Soviet Sociology." Social Forces 68(4): 1-21. Doktorov, B. (2014) Contemporary Russian Sociology. Historical and Biographical Investigations (in Russian). Moscow.

³ (2009) Vivat Yadov! On His Eightieth Birthday (орысша). Moscow: Institute of Sociology RAN.

⁴ Firsov, B. (2010) Dissent in USSR and Russia, 1945-2008 (орысша). St. Petersburg: European University of St. Petersburg (2010); Alekseev, A. (2003) Dramatic Sociology and Sociology of Auto-reflexivity. Vols. 1-4 (орысша), St. Petersburg: Norma. See also Shalin, D. (1989) "Settling Old Accounts." Christian Science Monitor, December 29; and (1990) "Ethics of Survival." Christian Science Monitor, December 4; (1987) "Reforms in the USSR: Muckraking, Soviet Style." Chicago Tribune, February 16.

⁵ Yadov, V. (2011) "A Sordid Story" (орысша). Trotsky Bulletin, December 6; Shalin, D. (2011) "Becoming a Public Intellectual: Advocacy, National Sociology, and Paradigm Pluralism," pp. 331-371 in D. Shalin, *Pragmatism and Democracy: Studies in History, Social Theory and Progressive Politics*. New Brunswick: Transaction Publishers.

⁶ International Biography Initiative. UNLV Center for Democratic Culture, <http://cdclv.unlv.edu/programs/bios.html>.

⁷ (2015) "From Dialogues of Vladimir Yadov and Dmitri Shalin" (орысша). Public Opinion Herald, No. 3-4, pp. 194-219, http://cdclv.unlv.edu/archives/articles/vy_ds_dialogues.pdf.

⁸ Shalin, D. (1993) "Emotional Barriers to Democracy Are Daunting," Los Angeles Times, October 27; (2007) "Vladimir Putin: Instead of Communism, He Embraces KGB Capitalism." Las Vegas Review Journal, October 24.

> Қытай қоғамдық әлеуметтануының пайда болуы

Франсуа Лашапель, Британ Колумбиясы университеті¹



Шен Юань.

Жұмыс үстелінің басында отырып, Шен Юань жымия күліп канадалық әлеуметтанушылардың зерттеу объектісі болуына аздап қалжыңмен қарайтынын байқатты. Мен алғашқы сұрағымды қоймас бұрын қытайлық ғалым «Сіз неге қытай зиялыларын зерттеп жүрсіз?» – деп сауал қойды да жауабын күтпестен өзінің бақылауымен бөлісті: «Сіз мені зерттемеуіңіз керек. Біздердің біреуімізді зерттегіңіз келсе, Сіз Сунь Липинді² зерттеуіңіз керек». Өзінің белгілі әріптесінің кеңсесін меңзей отырып, Шен «Біздің арамыздағы ең мықты сол. Немесе сіз біздерді он жылдан астам уақыт бірге жұмыс істеген топ ретінде зерттей аласыздар». Кейінірек сұқбатында Шен 2000 жылы Цинхуа университетінде әлеуметтану бөлімін құрғандардың арасында осы топтың мүшелері Ли Цянь мен Го Юхуа және солармен

“Қоғамның қайдан пайда болғаны аса маңызды сұрақ. Себебі сіздер [Батыстық тұрғындар] қоғамы бар елде дүниеге келдіңіздер [«қоғам» ұғымының өзі], бәрі қалыпты қабылданады. Біз үшін бұл тіпті басқа жағдай. Біз жаңадан бастауымыз (қоғамды құруды) керек.”

Шен Юаньмен сұқбат, 2012, Цинхуа Университеті, Бейжің.

бірге Сунь Липинді және басқаларды атады.

1954 жылы Қытай астанасы Бейжіңде туған Шен Юань Қытайда Zhiqing деген атпен әйгілі білімді жастар ұрпағының өкілі. Мәдени революция кезінде (1966-1976), Мао Цзэдун 17 миллиондай қытай жастарын мектептегі оқуларынан аяқ астынан жұлып алып, түбегейлі «қайта тәрбиелеу» үшін ауылдық жерлерге жіберді. Осылайша, олар ауыл бұқарасының революциялық даналығы арқасында оқып және өзгеріп, қытай революционерлерінің келесі ұрпағына айналуы тиіс болды. Қоныс аударылған басқа көптеген жастар сияқты Шен де бірнеше жылға жер аударылды. 1976 жылы Маоның өлімінен кейін және Қытай білім беру жүйесі қалпына келтірілген келесі екі жылда Шен құрдастарының тек аз ғана бөлігі (2,3%) білім алуды жалғастыру үшін университетке түсе алды. Ол солардың бірі еді.

1983 жылы Шен Халық университетін (Renda) философия саласында бакалавр дәрежесін алып аяқтады. Содан соң 1986 жылы 1917 жылғы кеңес революциясының көсемі туралы «Лениннің диалектикалық эпистемологияны зерттеуі және қосқан үлесі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Шен өзінің нағыз маркстік деп есептегенімен, маоистік-маркстік-кеңестік философиямен жеті жыл бойы үзбей айналысқаннан кейін оның осы мадақталған пәнге қызығуы бәсеңдеді. «Нақты осы кезеңде [1986 жылы], мен философияның аса абстрактілі екенін сезіндім. Философия сол кезден бері бірде-бір [нақты әлеуметтік] мәселені шеше алмады», - деп түсіндірді.

Ол RENDA-дан кеткеннен кейін Шен сегіз жыл бұрын, яғни 1978 жылы ғана қайтарылған, әлі де салыстырмалы түрде әлсіз әлеуметтануға көшті. Қауіпті іс әрине, бірақ әлеуметтану

>>

маоизм-марксизм-ленинизм сияқты қасиетті үштіктің шекарасынан тыс зияткерлік зерттеумен айналысу мүмкіндігін ұсынған бейтаныс білім саласы болатын. Маңыздысы, мемлекеттік көшбасшылар және Шен Юань сияқты білімді жастар арасынан шыққан зияткерлер (Zhiqing) ұлттық жаңарудың қиын міндеттерін орындау үшін әлеуметтануды ең мықты құрал деп түсінді.

Осылайша, Қытай әлеуметтік ғылымдар академиясының (ҚӨҒА) Әлеуметтану институтында Шен 1988 жылдан 1998 жылға дейінгі аралықта тұрақты зерттеуші болып жұмыс істеді. 1977 жылы құрылған әлеуметтік ғылымдар академиясы – мемлекет құрған Қытайдағы ең күшті талдау орталығы – Дэн Сяопин дәуірінің басында ОК пен Мемлекеттік Кеңестің басты талдау орталығы ретінде Қытай Коммунистік партиясының ең мықты органдарына саясатты (мысалы, кәсіподақтарға, жекеменшік кәсіпорындарға, көші-қон мен жұмыссыздыққа қатысты) да сақтау үшін қажетті ғылыми мәліметтер мен білімді беріп отырды.

1990-жылдары Тяньаньмэнь алаңындағы қырғыннан кейін, Шен ҚӨҒА-да қалды, бірақ басқа да көптеген қытай зиялылары сияқты оның әлеуметтануға және мемлекетке деген қатынасы өзгере бастады. Реформалар дәуіріндегі Әлеуметтану институтының кейбір ірі әлеуметтанулық зерттеу жобаларында бұрынғысынша басты рөл атқарғанына қарамастан Шен ҚӨҒА-дан тыс зиялы ортаға жиі көңіл аударып бастады. 1990-жылдардың басында ол Го Юхуа мен Сунь Липинге (соңғысы өз замандастары арасындағы ең мықты әлеуметтанушы деп саналады) қолдау көрсетті және коммунизмнің қытайлық тәжірибесі туралы Күннің ауызша тарихын (Sun's oral history) дайындауда ынтымақтасты. Одан кейін 1997 жылы 43 жасында Шен жаңа экономикалық әлеуметтану және 1978 жылдан кейінгі нарықтық реформалар бойынша докторлық диссертация қорғады. Сол жылы ол материктік Қытайдағы басты әлеуметтанулық басылымдардың бірі «Әлеуметтанулық зерттеулер» журналының редакторы болды. Редактор қызметінде болған кезде Шен журналда жарияланатын мақалалардың сапасын жақсарту бағытында ғана жұмыс жасап қойған жоқ, сонымен бірге ең кем дегенде пәннің ҚКП шектеулі тәуелсіздігін алуға ұмтылды.

ҚӨҒА-дан кеткеннен кейін Шен Юань және бес-алты әлеуметтанушы 2000 жылдың мамыр айында Бейжіңдегі Цинхуа университетінде әлеуметтану факультетін құрды. Цинхуа мектебінің бастапқы парадигмасы Клод Дюба (Dubar) «Әлеуметтануға коперниктік қытай революциясы» деп атаған қытай коммунистік өркениетінің Күн әлеуметтануына негізделді. 20 жыл ішінде ақталған пән социалистік әлеуметтану болғанына қарамастан мемлекеттік әлеуметтік саясаттың тыңшысынан 1949 жылдан кейін ҚКП басшылығы және қытай билігі нәтижесінде жүзеге асқан қытай халқының тәжірибесін зерттеуге басымырақ бағытталған рефлексиялық және «тәуелсіз» зерттеу парадигмасын айқындай алатын пәнге айналды.

Цинхуадағы алғашқы екі жылда, Шеннің экономикалық әлеуметтанудағы мемлекеттікке қызығушылығы оның еңбек әлеуметтануындағы маркстік қызығушылығымен үйлесіп, ол жаңа нарықтық күштерге қарсы әлеуметтік акторлардың

әрекеті мен қарсы тұру қабілеттерін зерттеді. 2002 - 2004 жылдарда Шен зерттеу, оқыту, сонымен қатар жұмысшы-мигранттарға көмек ұйымдастыруды бір мезетте жүзеге асыру мақсатында «Байжу (Baigou) кешкі мектептерін құру» атты жобаны жүзеге асырды. Әлеуметтанулық интервенция туралы Ален Туреннің идеясын негізге алып Шен «Күшті және әлсіз араласу: әлеуметтанулық интервенцияның қос жолы»³ деп аталатын өз мақаласында осы праксистік теорияландырды, бұл оның осы алаңда әлеуметтануда жасаған маңызды қадамы еді. Осы кезде Шен нарыққа қатысты этатистік қаупінен бас тартып, «қоғамды өндіру» қағидасына сүйене академиялық және белсенділік фокусына қарай, яғни өзін мемлекеттен де, нарықтан да қорғай алатын қабілеті бар қоғамға қарай ойысты.

Шен мансабының бастапқы кезеңінде Майкл Буравой қоғамдық әлеуметтану идеясын ұсынған еді. Буравойдың қоғамдық әлеуметтануы шыққан кездегі сыбысқа қалай қарағаны туралы сұрағанда Шен: «1998 жылдың өзінде жарияланған мақаламызда қоғамдық әлеуметтануға бағыт байқалады. Одан кейін біз мүмкіндікті пайдаланып, Цинхуада әлеуметтану кафедрасының негізін қаладық. Басынан бастап біз [біздің бөлім] қоғамдық әлеуметтану дәстүрін сақтадық. Сол кезде Майкл Буравой осы идеяны ойлап таппаған еді, біз әлеуметтану араласуы [енді] тиіс деп есептеуіміз керек еді».

Шеннің пікіріне сәйкес ол және оның әріптестері *avant la lettre* кезеңінің қоғамдық әлеуметтанушылары болды. Алайда, қытай зияткері үшін қоғамдық әлеуметтану әлеуметтанулық мәселені дәл тіркеуден маңыздырақ; Буравойдың теориясы Шенге зияткерлік тұрғыда өзін-өзі бағалау, әлеуметтанулық мән деп абайлап ғана ат тағып идентификацияның мүмкіндігін берді.

Шеннің жаңа идентификациясының нәтижесі оның зияткерлік өміріне жеткілікті дәрежеде мықты ықпал етті. Қоғамдық әлеуметтанумен айналыса бастағаннан-ақ Шен әлеуметтанудың «бір жағынан, мемлекет пен нарық тарапынан қысымға қарсы тұруына және екінші жағынан қоғамға қалыптасуға және дамуға көмектесу үшін» қоғамның өндірісіне қатысу немесе араласу миссиясын шынайы жақтап жүрді. Академиялық майданда, соңғы он жылдағы Шен жасаған барлық баяндамалардан Буравой мен Туреннің ықпалын байқау қиын емес. Шеннің соңғы бірлесе дайындаған мақаласының бірі «Жұмысшы-зияткерлік бірлік: Foxconn-дағы шекарааралық әлеуметтанулық интервенция» оның осы жұмысты аса зор ықыласпен жасағанының айғағы іспеттес. Дегенмен, аса маңызды нәрсе Шеннің қоғамдық майданда ҰЕҰ, еңбек мәселесімен, әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарымен, интернет-платформалармен, саясаткерлермен және кәсіподақ қызметкерлерімен белсенді айналысуы қоғамдық әлеуметтанудың рухын асқақтады. ■

Хаттарды Франсуа Лашапелльге <lachapelle@alumni.ubc.ca> жолдауға болады.

¹ Бұл эссе магистрлік жұмыстың негізінде дайындалған: *From Nameless Marxist to Public Sociologist: The Intellectual Trajectory of Shen Yuan in Contemporary China* (University of British Columbia, 2014).

² Сун Липинмен сұқбатты *Жаһандық диалогтың* 2012 мамырдағы 2(4) санынан қараңыз.

³ Yuan, S. (2008) "Strong and Weak Intervention: Two Pathways for Sociological Intervention." *Current Sociology* 56 (3): 399-404.

> Жергілікті және жаһандық деңгейді зерделеу

Бриджит Ауленбахер, Иоганн Кеплер атындағы Линц Университеті, Австрия, ХӘҚ экономика мен қоғам (ЗК02), кедейлік, әлеуметтік қорғау және әлеуметтік саясат (ЗК19), жұмыс әлеуметтануы (ЗК30) және қоғамдағы әйелдер жөніндегі зерттеу комитеттерінің мүшесі (ЗК32) және Вена 2016 ХӘҚ үшінші халықаралық әлеуметтанулық форумын ұйымдастыру комитеті жергілікті төрағасының орынбасары; **Рудольф Рихтер**, Вена университеті, Австрия, ХӘҚ отбасын зерттеу комитетінің мүшесі және бұрынғы төрағасы (ЗК06), Вена 2016 ХӘҚ үшінші халықаралық әлеуметтанулық форумын ұйымдастыру комитетінің жергілікті төрағасы; **Ида Сельеског**, Вена университеті Вена, ХӘҚ үшінші халықаралық әлеуметтанулық форумын ұйымдастырушы жергілікті комитеті



Вена университетінің ішкі ауласы. Вена университетінің суреті.

Венадағы ХӘҚ үшінші халықаралық әлеуметтанулық форумын ұйымдастырушы жергілікті комитеті әлемнің шартарабындағы әлеуметтанушыларға сәлем жолдайды.

ХӘҚ әлемдік қауымы, Сіздерді келесі айда жергілікті ұйымдастыру комитеті Венадағы ХӘҚ үшінші халықаралық әлеуметтанулық форумында қарсы аламыз. Сонымен қатар сайтымызды қарауға шақырамыз, сіздерге форумда жергіліктілік мен жаһандықтың қалай үйлесетін

әдістерін көрсеткіміз келеді.

> Жергілікті деңгейді зерделеу: австриялық күнделікті өмір мен әлеуметтану тарихына көзқарас

Философия және әлеуметтік ғылымдар саласындағы мықты дәстүрі бар Вена университетінде ХӘҚ үшінші әлеуметтанулық форумын

>>



Вена университетінің сыртқы келбеті. Вена университетінің суреті.

қабылдау біз үшін мақтаныш және қуанышты. Екі жылдан астам уақыт бойы жергілікті ұйымдастыру комитеті Инсбрук, Грац, Линц, Зальцбург, Вена қалаларындағы австриялық университеттер мен әлеуметтанулық институттар және Венгриядағы әріптестерімізбен ынтымақтастыққа сүйене отырып, форумды табысты өткізу үшін дайындалды.

Сіздерді бізбен бірге «жергілікті болуға», кездесуге, әңгімелесуге және Венаның халықаралық тынысынан шабыт алуға шақырғымыз келеді.

Форумның Ресми бағдарламасына қосымша қонақтарымыздың бірі-бірімен, сондай-ақ қаламен, елмен етене танысуы үшін әртүрлі туристік және әлеуметтанулық турлар мен кездесулер ұйымдастырамыз.

Туристік белсенділіктің көрінісі ретінде дәстүрге айналған веналық шарапханаға немесе қалаға жаяу саяхат жасау кезінде бізбен бірге болуға шақырамыз. Біздің әлеуметтанулық кездесуіміздің негізгілерінің ішінде 1930-жылдардың басында Мари Яхода, Пауль Лазарсфельд

және Ганс Зейсель жұмыссыздық адамдарды және әлеуметтік өмірді қалай азғындатынын көрсеткен фон Мариентальдың жұмыссыздары немесе «Мариенталь: жұмыссыз қауымдастықтың социографиясы» бойынша алғашқы зерттеулер жүргізілген көрші Gramatneusiedl қыстағындағы Мариентали мұражайына екі саяхат бар. Олардың қорытындылары мен әдіснамалық тәсілдері күні бүгінге дейін таң қалдырады.

Вена мен Австрияның әлеуметтанулық мұрасы тек ғана өзіндік ауқымды тарихи және әлеуметтік тұрғыда зерделене алады. Бір жағынан біз өткен ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы «Қызыл Вена» айтып отырмыз. Бірақ сонымен қатар, кейінірек жүздеген австриялық әлеуметтанушылар, солардың ішінде жоғарыда айтылғандар, нацистік билік тұсында Австриядан қашып кетуге мәжбүр болды. Фашизмнің тарихы және оның австриялық әлеуметтану мен қоғамға ықпалын саралайтын бірнеше хабарламаны біздің блогтың

ХӘҚ форумынан тауып алуға болады.

> Жаһандық деңгейді зерделеу: жақсы әлем үшін күрес

Венада, Австрияда және Еуропада «Жаһандық әлеуметтану және жақсы әлем үшін күрес» тақырыбында ХӘҚ форумын ұйымдастырушылар ретінде және күн тәртібінде жаһандық әлеуметтануды қалыптастыру тұрғанда біз жергілікті көзқарас тұрғысынан жаһандық пен жергіліктілік туралы ойланбасқа амалымыз жоқ.

Еуропаның орталығында орналасқан Венаның халықаралық шаһар ретінде көрші елдердің ықпалына қатты ұшырағанын мәдениетінен, тағамдарынан және тілінен байқауға болады.

Қалада бірнеше халықаралық институттар орналасқан, соның ішінде форумды халықаралық қатынас алаңы ретінде қолдайтын Еуропалық Одақ Палатасы және веналық UNO-Сити бар. Осыған қарамастан 2014 жылғы Йокогамадағы ХӘҚ Әлемдік

>>

конгресінің «Тең емес әлемге құшақ ашу» тақырыбы өзектілігін жоғалтқан жоқ: Венаға әлемнің түкпір-түкпірінен әлеуметтанушыларды шақыра отырып, теңдік, бостандық, әділеттілік, демократия және адам құқығы үшін жауапкершілікті ала отырып, біз Австрия мен Еуропа басынан кешіріп отырған ағымдағы мәселелерді мойындауымыз керек. Сириядағы соғыс, әлемнің шартарабының басым бөлігіндегі апаттар мен кедейлік – оқиғалардың осылай өрбуінің көлеңкесіне тығылып отырған колониялық және постколониялық капиталистік тарихта – адамдардың тағы да қашқындар мен қоныс аударушыларға айналуына мәжбүр етіп отыр.

Еуропалықтардың басым бөлігі күш көрсетуге және теңсіздікке қарсы күрес бастамаларын қолдап, қарсылықты күшейту арқылы жақсы әлем үшін күресті. Бірақ Австрия мен Еуропаны жабық қоғам ретінде сипаттайтын, шекараларды сақтау және теңсіздік концепциясын ұсынатын басқа жол да бар.

Форум баспана, амалсыз қоныс аудару және еуропалық қоғамдар үшін интеграциялық саясат жүргізуді ұсынған, сонымен қатар осының барлығын «еуропалық еместер» үшін жабық Еуропаны жасақтаумен байланыстыруға тырысқан оңшыл

бағыттағы қозғалыстың өршуі, яғни алыс емес тарихтағы жағдайға тура үрейлі параллель болып табылатын тарихи сәтте Венаға жол тартып отыр.

Австрия әлеуметтануы осы мәселелердің бәрімен таныс және австриялық әлеуметтанушылар толық жаһандық-интеграцияланған. Осы түйткілдер мен байланыстар пленарлық мәжілістерде қамтылған, әлемнің шартарабынан келген баяндамашылар «Еуропа мен оның шекарасынан тыс жерлердегі саналуан дағдарыстармен соқтығысу», «осы орталықтар мен шет аймақтардың шекаралары мен жіктелісін жеңу» және «әлеуметтанулық ой мен жақсы әлем үшін күрес» сияқты тақырыптарды зерттейтін болады.

Соңғы, бірақ ХӘҚ үшін мәні жағынан соңғы емес мәселе – жергілікті ұйымдастыру комитеті жергілікті және халықаралық баспагерлерді көрме залында өз кітаптарын таныстыру үшін және арнайы әлеуметтанулық және көпшілікке арналған кітаптардың авторларымен кездесіп, өз жұмыстарын талқылауды ұйымдастырады. Көрме залында австриялық әлеуметтану институттары, ғылыми қорлар және стипендиялық бағдарламалар туралы ақпарат орналастырылады.

> ХӘҚ форумына бірге келіңіздер

Соңғы онжылдықта ХӘҚ пікірталас жаһандық пен жергіліктің өзара байланыстылығына назар аудару қажеттілігін көрсетті. Шынында, жергілікті жердегі ағымдағы күрес негізінен еңбек пен табиғаттың маркеттелуі, жұмыс пен саясаттың транснационализациясы, сондай-ақ диктатуралар мен демократиялар аясында мемлекеттілік өзгерісінің тереңдей түсуі сияқты жаһандық құбылыстармен шартты бола бастады. Біз Венада шілдеде кездескен кезде осы сұрақтардың барлығы күн тәртібінде болады, сонымен қатар әлем әлеуметтанушыларының дәстүріне сәйкес жаһандық және жергілікті ерекшеліктер ескеріліп талқыланады. Форум жиналып, осы жаһандық диалогты жалғастыруға мүмкіндік береді. Міне сондықтан, біз Сіздерді әлемнің төрт бұрышынан Венада, Австрияда, Еуропада және ХӘҚ үшінші әлеуметтанулық форумында қарсы алуға қуаныштымыз! ■

Хаттарды Бриджет Ауленбахер <Brigitte.Aulenbacher@jku.at> мен Рудольф Рихтерге <rudolf.richter@univie.ac.at> жолдауға болады.

¹ See Richter, R. "The Austrian Legacy of Public Sociology," *Global Dialogue* 5(4), December 2015, <http://isa-global-dialogue.net/the-austrian-legacy-of-public-sociology/>

> Австриядағы теңсіздік, кедейлік және тұрмыс

Корнелия Длабая, Вена Университеті, Австрия, **Джулия Хофманн**, Иоганн Кеплер атындағы Линц Университеті, Австрия және **Албан Кнехт**, Иоганн Кеплер атындағы Линц Университеті

Австрия ұзақ уақыт бойы өмір сүрудің жоғары деңгейімен әйгілі болды. Өнім сатып алу қабілетінің паритетіне сәйкес жан басына шаққандағы ішкі өнім 51 300 АҚШ долларын құрап, Австрияға 2014 жылғы әлемдік рейтингте 13 (Әлемдік банк 2015) орын алуға мүмкіндік берді, ал Австрияның астанасы Вена болса, 2015 және 2016 жылдары өмір сапасының жаһандық рейтингінің ең жоғарысында тұрды.

Муниципалитеттік баспанамен қамтамасыз етудің қалыптасқан дәстүрі болмаса, Вена осы күнге дейін әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізбеген болар еді. Алайда, бұл жағдай Венада немесе Австрияда әрбір адам бай және жақсы өмір сүріп жатыр дегенді білдірмейді.

Ерекше әлеуметтік топтарды мұқият зерттеу жіктелген және бөлініс тереңдей түскен әлеуметтік құрылымды көрсетіп отыр: австриялықтардың шамамен 12% кедейлікке ұшыраса, мигранттардың 33% осы жағдайға душар болуы мүмкін. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (ЭЫДҰ) кейбір елдеріне қарағанда кіріс бойынша теңсіздік аса жоғары болмаса да австриялық қоғамның ең кедей қабаты 1990 жылдармен салыстырғанда өз орындарынан ығысуда: 1990 - 2011 жылдар аралығында ең кедей қабаттардың 20% кіріс бойынша үлесі 47% төмендесе, 1% ең бай жіктердің кірісі 16% өскен. Жалпы Австрия байлық пен меншік бөлінісі теңсіздігінің ең жоғары деңгейімен сипатталады - ішкі қаржылық активтердің Джини коэффициенті 0,75-ке тең.

Осындай бай елдегі терең сегменттелуді қалай түсіндіруге болады? Австриялық білім беру жүйесі ұрпақтан ұрпаққа әлеуметтік статусты мүлтіксіз табыстауға мүмкіндік береді: ата-анасы жоғары оқу орындарының түлегі болып табылатын балалардың университетке түсу мүмкіндігі ата-анасы университетке бармағандармен салыстырғанда 2,5 есеге көп. Көптеген қоғамдардағы сияқты білім деңгейі кірісті айқындайды: білім алуға кеткен әрбір қосымша жыл кірісті шамамен 5,4% арттырады. Білім беру жүйесінде, әсіресе мигранттар ерекше тиімсіз жағдайда (көбіне шетелдік біліктілік мойындалмауы мүмкін).

Гендерлік ерекшеліктерді де атап өтуге болады. Жас австриялық әйелдердің білімі ерлерге қарағанда жақсырақ, соған қарамастан олар ер әріптестерімен салыстырғанда бір сағаттық жұмыс үшін 23,4% төмен жалақы алады. Австриялық әйелдердің ерлерге қарағанда меншігі де аз: әйелдердің жеке үй шаруашылықтарындағы байлығы ерлердің жеке үй шаруашылықтарына қарағанда 40% аз. Осы гендерлік теңсіздік «консерваторлық» деп сипатталатын ақша аударылымымен байланысты дәстүрлі гендерлік еңбек бөлінісіне негіз болатын әлеуметтік қамсыздандырудың австриялық үлгісімен байланысты. Балаларды күтетін орталықтардың болмауы және дәстүрлі отбасылық ережелер жұмыс пен отбасылық өмірді үйлестірудің негізгі ауыртпалығын әйелдерге артып қойып отыр.

“Басқаларға ертерек келетін жағымсыз нәрсе Австрияға бірнеше жылға кешірек келеді”

Австрияның еңбек саласындағы саясаты қоғамдық жұмыстардың икемділігі мен дамуына көбірек ықпал етуде, бұл орныққан әлеуметтік теңсіздікті нығайта түседі: мигранттар мен әйелдерді жалақысы төмен және тұрақсыз жұмыс орындарынан кездестіру мүмкіндігі арта түседі. Деңгейі төмен, дегенмен өсіп отырған жұмыссыздық біліктілігі төмен адамдар мен мигранттарға ерекше ықпал етеді.

Осылайша қырағы бақылау бір қарағанда тұрақты болып көрінетін Австрияның әлеуметтік құрылымы гендерлік және этникалық белгілеріне байланысты бөлініс пен жіктелістің тереңдегенін және әлеуметтік теңсіздіктің баяу өсу орын алып отырғанын көрсетеді. Көпшілік айтатындай, басқаларға ертерек келетін жағымсыз нәрсе Австрияға бірнеше жылға кешірек келеді. ■

Хаттарды Корнелия Длабаяға <cornelia.dlabaja@univie.ac.at>, Джулия Хофманнға <julia.hofmann@jku.at> және Албан Кнехтке <alban.knecht@jku.at> жолдауға болады.

> Әлеуметтік теңсіздік, босқындар және «Еуропалық арман»

Рут Абрамовский, Бенджамин Грошл, Алан Шинк және Дээире Вилке, Парис Лодрон атындағы Зальцбург университеті, Австрия



Адамға аяушылық танытатын көп сөздің артында босқындарға қойылатын шектеулер, қамал мен лагерлерді жасыру мүмкін емес. Арбұдың иллюстрациясы

Босқындар ағымы – Еуропадағы өзекті құбылыстардың бірі. Ол – неміс тілді бұқаралық ақпарат құралдарында жаңа «жаппай көші-қон» (Völkerwanderung) деген атауға ие. Абсолютті көрсеткіштер бойынша саяси баспана алуға берілген өтініштердің басым бөлігі Германияға тиесілі. Бірақ, өтініштерді халық санына шаққанда бұл мемлекет Еуропада бесінші орында (Еуропалық статистика). Халық санына шаққандағы өтініштердің басым бөлігі Венгрияға тиесілі. Екінші орында – Швеция, үшінші – Австрия,

>>

төртінші – Финляндия.

Австрия көші-қон ағымының ортасында қалып қойған сияқты. Германия мен Австрия шекаралас аймағында, әсіресе Зальцбург пен Фрайлассинг арасындағы өткелде австриялық қоғамда шынайы қысым тудыра отырып, Орталық Еуропаға бағытталған босқындар үшін тар мекенге айналды. Бір жағынан, көші-қонға байланысты еуропалық дағдарысқа шағымның артуына және шекарадағы бақылауды күшейтуге талаптың жоғарылауына қарамастан, халықтың көбі халықаралық мобилдікті еуропалық арманның бөлігі ретінде қарастырып, оны сақтап қалуға тырысса, екінші жағынан, босқындар туралы біржақты пікірлер мен қорқыныштан босқындар мен мигранттар соғыс пен торығудан қашпай, Еуропаның тартымдылығынан бас тартар емес деген пікірі жатыр.

БҰҰ БЖКБ мәліметтеріне сәйкес, 2015 жылы әлем бойынша 60 миллион адам өз үйлерін тастады. Босқындардың басым бөлігі постколониалдық саясаттың ықпалымен ушығып отырған экономикалық және әлеуметтік теңсіздік нәтижесіндегі соғыс, кедейлік және аштық себебінен өз үйлерінен босып кетті. Олардың 3% кемі ғана Еуропаға жол тартады. Басым бөлігі көрші елдерде қалып қояды.

2015 жылы барлығы 50 000 адам Австриядан баспана сұраған (БҰҰ БЖКБ – Австрия, 2015 жылдың қыркүйегіндегі мәліметтер) – 100 000 тұрғынға 332 адамнан. Олардың 11 000 босқын ретінде танылып, көрсетілетін негізгі материалдық көмекті алды (827 €/айына). Берілген өтініштеріне шешім күту кезінде – орта есеппен үш айдан алты айға дейін – олар босқындарға арналған лагерлерде өмір сүреді, күніне үш рет тамақтандырылады (әдетте, күн бойына бір рет те ыстық тамақ ішпеуі мүмкін), жатақханадан жатын орнына ие болады. Сонымен қатар, тәулік шығындарына 1,30 €

бөлінеді. Егер олар өздерін қамсыздандыратын болса, жалдау ақысы ретінде айына 120€ (отбасы үшін 240€ дейін) және 200€ өмір сүру жәрдемақысын (әр балаға 90€) алады. Шешім күту кезеңінде оларға жұмыс жасауға тыйым салынатынын ескерту қажет (Art. 15a B-VG, ВКА-Austria).

Біз баспана сұраушыларға арналған қабылдау және транзит орталықтарындағы 30 шақты босқынмен сұқбаттастық. Басым бөлігі өз болашағы туралы армандарын басқаша елестетеді: жұмысы болса, отбасы үшін еңбек етсе және бір күні пәтер немесе үй сатып алып, осы қоғам бөлігі болуды және өз өмірі үшін қорқынышсыз өмір сүруді армандайды.

Еуропаның бай елдеріндегі халықтың қартаюы мен туу коэффициентінің төмендігін ескере отырып, босқындарды қартайып жатқан қоғамның жаңа үміті ретінде – еуропалықтардың басым бөлігіне қарағанда жас және туу коэффициенті жоғары босқындардың көбі жоғары білікті жұмысшылар немесе шеберлер – қарастыруға болады (БҰҰ Әлем халқы болашағы: 2015 нұсқа). Ұзақ мерзімді болашақта олар ұлттық зейнетақы және әлеуметтік жүйелерімізді сақтап қалулары мүмкін, ал қысқа мерзімді болашақта Еуропаның ішкі экономикасын нығайтуы мүмкін – әсіресе, егер жұмыс істеу, айлық табу және салық төлеу мүмкіндігіне ие болса.

Қолданбалы тұрғыдан мына сұрақты қойған дұрыс: Босқындарды депортациялау туралы пікірталастың орнына оларды интеграциялау туралы мәселе неге көтерілмейді? ■

Хаттарды Рут Абрамовскийге <ruth.abramowski@sbg.ac.at>, Бенджамин Грошл <benjamin.groeschl@sbg.ac.at>, Алан Шинкке <alan.schink@sbg.ac.at> және Дэзире Вилкеге <desiree.wilke@sbg.ac.at> жолдауға болады.

> Гендерлік теңдік және Австрия университеті

Кристина Биннер (Иоганн Кеплер атындағы Линц университеті, Австрия) ХӘҚ кедейлік, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік саясат (ЗК 19) және қоғамда әйелдерді зерттеу (ЗК 32) комитеттерінің мүшесі және **Сюзанна Кинк** (Карл-Франц атындағы Грац университеті, Австрия)

Австрия университеттерінде ерлер мен әйелдердің үлесіндегі теңсіздік ұзақ уақыт айқын көрінді: егер студенттік ортадағы ерлер мен әйелдер санында пропорция сақталса (әйелдер - 57%; ерлер - 43%), ғалымдар арасындағы үлесі өзгеше. 2013 жылы оқытушылардың 22% ғана әйел болды. Жақында австриялық университет жүйесінде жүргізілген реформа гендерлік теңсіздікті өзгерту мүмкіндіктерін туғызды.

> Австриядағы кәсіпкерлік және басқару университеті

2002 жылдан бастап Университет туралы заң жүзеге асырылуда. Заңға сәйкес мемлекеттік (қоғамдық) басқарудың жаңа құралдары мемлекет пен үкімет арасындағы қарым-қатынасты қайта ұйымдастыруға бағытталған. Университеттер кәсіпкерлік және басқару мекемелері қызметін атқаруға көшкен. Үкімет толық қадағалаушы рөлінен айырылып, университеттер қаржы және символдық ресурстар үшін бәсекеге түсуде. Шешім қабылдауда университет проректорларына басым құзыреттілік беріліп, сарапшылар комитеттері мен университет кеңесі сияқты сыртқы мүдделі тараптардың маңыздылығы артты. Бұл өзгерістер мықты басшылығы мен арнаулы кәсіби бағыты бар университеттерді қалыптастыруға ғана емес, гендерлік теңдік пен отбасылық серіктестік саясатын нығайтуға да бағытталған болар?

> Гендерлік теңдік пе?

2002 жылғы Университет туралы

заңға сай «автономды ұйымдар» ретінде Австрия университеттері гендер мәселесін көтеретін шаралар өткізуі, үйлестіру орталықтарды құруы, тең мүмкіндіктерге кепілдік беруі, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін жұмыс топтары мен арбитраж комиссияларының жұмысын қамтамасыз етуі және барлық ұжымдық деңгейде әйелдердің қатысуына 40% квота ұсынуы қажет.

“Ағымдағы өзгерістер әлеуметтік теңдік үшін көп нәрсе ұсынуы мүмкін”

Университеттердің жаңа қаржылық қоры негізінде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету шараларын қолдау әдістері қандай болатыны белгісіз: гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің жаңа талаптарын жүзеге асыруға әр университет өзі жауапты болғанымен, шараларға жұмсалатын қаржылық ресурстар мен басшылық тарапынан көрсетілетін қолдау әртүрлі болуы мүмкін. Дегенмен, университеттерді қайта ұйымдастыру мен гендерлік теңдікті орнатудың жаңа құралдары бұл мәселенің шешу жолдарын, әсіресе ғылымда, ұсына алатын сияқты.

> Отбасылық серіктестік пе?

Отбасылық өмірдің шарттары ғалым-әйелдер үшін маңызды кедергі ретінде анықталып, австриялық

университеттер, Үкімет қолдауымен, «университет және отбасы» аудиті сияқты басқарудың стратегиялық құралдарын енгізді. Бала күтіміне жақсы жағдай жасау университеттер үшін оқу мен жұмыстың тартымды орны ретінде басқа оқу орындарынан ерекшелену әдісіне айналды. Сондай-ақ, ата-ананың консерваторлық бейнесі сақталуда және университет басшылығы да бала күтіміндегі ата-ана ретінде әйел рөлінің басым екендігіне бағдарланып, гетерогенді отбасы бейнесін ұдайы өндіріп отыр.

Австрия университеттерінде орын алған өзгерістер әлеуметтік теңдікке алып баратын мүмкіндіктерді ұсына алатын экономикалану тенденциялары, гендерлік теңдік және отбасылық серіктестік саясаты арасындағы күрделі қарым-қатынасты көрсетеді. Бұл іс-шаралар ұйымдастырушылық деңгейде белгілі бір ықпалға ие болғанымен, ғылым мәдениеті мен нормалары гендерлік ерекшеліктерді ескермейді. Мысалы: ғалымдар ғылымды басқа басымдықтарынан жоғары қояды деген пікір; ғалымдар үнемі қолжетімді, икемді және ғылымға толық берілуі қажет идеясы жұмыс уақытының ұзақтығы туралы ерлер нормаларын сипаттайды; әріптес ерлерге қарағанда балаға күтім жасайтын негізгі тұлға ретінде ғалым-әйелге осы нормаларды орындау қиынырақ. ■

Хаттарды Кристина Биннер <Kristina.Binner@jku.at> мен Сюзанна Кинкке <susanne.kink@uni-graz.at> жолдауға болады.

> Жұмыс уақыты және жақсы тұрмыс үшін күрес

Карина Алтрайтер, Франц Астлейтнер және Тереза Фибих, Вена университеті, Австрия

Жұмыс уақыты үшін күрестің жұмысшылар өз еңбектерін қаналуын шектеуге бағытталған күресімен тарихи тұрғыда тікелей байланысы бар. Сегіз сағаттық жұмыс күніне көшу жұмысшылар қозғалысының негізгі талабы болатын әрі 1980 жылдарға дейін өнеркәсібі дамыған батыс елдерінің көпшілігінде жұмыс күні мен аптасының ұзақтығы қысқарды.

Содан бері, өнімділік артқанымен, Франциядан басқа елдерде жалпы ешқандай табыс байқала қоймады. Алайда, қазіргі жаһандық экономикалық дағдарыс еңбек бөлінісінің әділетсіздігіне байланысты пікірталастарды тағы да күн тәртібіне шығарған жайы бар. Біз Еуростат деректерін пайдалана отырып, Еуропа Одағындағы жұмыс уақытына қатысты оқиғаларды және оның күрделі әлеуметтік теңсіздік үшін маңызын талқылаймыз.

> Жұмыс уақыты және теңсіздік

2010 жылы ЕО-дағы біраз адамдар өзгелерге қарағанда, 32% көп көрсеткішпен, ай сайын күніне 10 сағаттан артық жұмыс істеген. Өзгелер жарты күн (2014 жылы 20%) еңбек етеді немесе жұмыссыз жүр (2015 жылдың тамызында жұмыссыздық көлемі 9,5% құрады). Бір жағынан ұзақ уақыт жұмыс істедің салдарынан табиғи және психикалық шаршау мен дертке себеп болатын еңбектің интенсификациясы, екінші жағынан девальвациялар мен торығу біздің қоғамның негіздеріне

қатер төндіретін жұмыс уақытының полярлануының салдарларының бірі.

Сонымен бірге, ерлер мен әйелдер жұмыс уақытының тең бөлінбеуін сезініп келеді. Біріншіден, толық немесе ұзақ уақыт жұмыс істеу «ерлердің ісі» саналса, әйелдер жартылай жұмыс күніне көбірек тартылған. 2014 жылы ЕО-ға кіретін 28 елдің басым көпшілігінде толық жұмыс істейтін ер адамдар көлемі 8,8% артса, жарты күн еңбек ететін әйелдердің орташа үлесі үш еседен астам көбейіпті (32,5%). Екіншіден, әйелдер ерлерге қарағанда ақысыз еңбекке күніне екі сағат артық жұмсаған (мысалы, үй жұмыстары және бала күтімі). Мұндай динамика әйелдердің қызметтік өсуі мен зейнетақы төлемдеріне кері әсер ететін жайттарды қалыптастырып жатыр әрі қартайған шақта олардың кедейлікке ұрынуына апарып соқтыруы мүмкін.

> Жұмыс уақытының қысқаруы әлеуметтік теңсіздіктерді азайта ма?

Жұмыс күнінің стандартты ұзақтығын өзгерту көптеген қызметкерлердің көңілінен шығады: Зерттеу нәтижелері Еуропадағы қызметкерлердің 30% астамы аз жұмыс істегенді, ал жарты күн еңбек ететіндердің басым бөлігі (2014 жылы 10 млн жұмысшы еді) көбірек жұмыс істегенді қалайтындығын көрсетті. Барлық қызметкерлер үшін стандартты жұмыс сағаттарын қысқарту толық жұмыс істейтіндер мен жарты күн еңбек ететіндердің

арасындағы айырмашылықты қысқартып, ерлер мен әйелдер арасындағы ақысы төленетін және төленбейтін еңбекті әділетті түрде бөлуге жәрдемдесуі мүмкін. Одан бөлек, жарты күн жұмыс істейтін жұмысшылар санын, жұмыс аптасын қысқарту арқылы еңбеккерлердің нарықтағы билігін арттыруы мүмкін, бәлкім бұл шара кірістің теңсіздігімен күреске де ықпал етуі ықтимал.


“Ерлер мен әйелдер тең емес жұмыс уақытының тәжірибесін жалғастыруда”

Дегенмен, ақысы төленетін жұмыс уақытын қысқарту ресурстарды қайта бөлуде бірден жағымды нәтиже бермейді. Қысқартылған жұмыс күні кезінде азат жобаларға үлес қосу үшін саясаткерлер төленбейтін еңбекті қайта бөлуге арналған бағдарламалармен қатар, еңбектің интенсификациясы және өндірістік қатынастарды реттеуге дейінгі шаралар сынды мәселелерді де ескерулері керек. ■

Хаттарды Карина Алтрайтерге <carina.altreiter@univie.ac.at>, Франц Астлейтнерге <franz.astleithner@univie.ac.at> және Тереза Фибихке <theresa.fibich@univie.ac.at> жолдауға болады.

> Әлеуметтану және ауа-райының өзгеруі

Райли Э. Данлоп, Оклахома мемлекеттік университеті, АҚШ, ХӘҚ Қоршаған орта және қоғам жөніндегі зерттеу комитетінің бұрынғы президенті (ЗК24) және Роберт Дж. Брюлле, Дрексель Университеті, АҚШ



Райли Данлоп пен Роберт Брюлленің екеуі де қоршаған орта әлеуметтануында танымал зерттеушілер. Олар Америка әлеуметтану қауымдастығының Жаһандық климат өзгерісі мен әлеуметтану бойынша мақсатты тобының төрағасы және ассоцияланған төрағасы қызметін атқарып, олардың жинаған мәліметтері Данлоп және Брюлле (редакторлар): Климаттың өзгеруі және қоғам: Әлеуметтанулық перспективалар (Нью-Йорк және Оксфорд: Oxford University Press, 2015) деген атпен кітап болып жарық көрді. Олардың тың жұмыстары ұлттық әлеуметтану қауымдастықтардың шиеленіскен саяси және әлеуметтік мәселелерге байланысты қалай бірлескен зерттеу жүргізуге ықпал ете алатындығын көрсетті.

Адамзат іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болған климаттың өзгеруі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналды әрі алдағы уақытта адамзаттың биологиялық түр ретінде өмір сүруіне экзистенциялық қауіп төндіреді. Жаратылыстану саласының ғалымдары соңғы бір ғасырда «парник эффектісі» деп атала бастаған жаһандық жылынуды зерттеп, зерделеп, ресми хатқа түсірудің жолын да тапқан. 1990 жылдары климат туралы ғылым адамзат іс-әрекетінің салдарынан (әсіресе көмірқышқыл газын көп бөлу) жаһанның жылынып келе жатқанын, оның табиғи және әлеуметтік жүйелерге теріс ықпал ете бастағанын дәлелдейтін нақты айғақтар - Климаттың өзгеруі бойынша үкіметаралық эксперттер тобының (КӨҮЭТ-IPCC) мерзімді құжаттарын ұсына алатын тұрақты салаға айналды.

Жаһандық жылынуға қатысты айғақтардың артып бара жатқанына, әсіресе көмірқышқыл газын бөлуді азайту сынды мәселелерге қоғамның салғырт қарауымен бетпе-бет келген жаратылыстану ғалымдары климаттық өзгерістерді «адами мәселе» ретінде таныды, ол адамдардың ғадетінен туындаған әрі адамзатқа нақты қауіп төндіретін және жағдайдың оңалуы үшін ұжымдық әрекетті қажет ететін мәселе болып отыр. Нәтижесінде, КӨҮЭТ, АҚШ ұлттық зерттеулер кеңесі және Халықаралық қоғамдық ғылымдар кеңесі, оның Жаһандық қоршаған ортаның өзгеруі бойынша адамзат өлшемінің халықаралық бағдарламасы (Болашақ Жер жобасы нәтижесінде қол жеткізілген) сынды ірі ғылыми органдар қоғамтану ғылымдарын климаттың өзгеруі мәселесін зерттеуге белсене қатысуға шақырды.

«Қоғамдық ғалымдарды» жаратылыстану ғалымдары мен ірі қаржы мекемелері (Belmont Forum тәрізді) тарапынан жасалатын мультипәндік зерттеу бағдарламаларына үлес қосуға шақыратын мұндай бастамаларда әдетте арнайы қоғамдық ғылым пәнімен келісу аз ескеріледі. Қоғамтанушы ғалымдар әдетте бұрын басталып кеткен, жаратылыстанушы ғалымдар жасап жатқан зерттеу (көбіне «адам мен табиғат жүйесінің үйлесуі» деп аталатын зерттеулер) бағдарламаларына қосымша үлес үшін шақырылды.

Мұндай жұмыстар бір жағынан құнды болғанымен, көбіне табиғи жүйелерді пайдаланудағы әділетсіздіктерден бастау алатын негізгі саяси һәм әлеуметтік шиеленістерге, сонымен қатар осы жүйенің нашарлауына назар аударылмайды, тек ішінара саяси-экономикалық мүмкіндіктерді қолданады.

Сол сияқты, қоғамның мәселені түсіну деңгейін арттыру арқылы саясатты өзгертуге болады деген аңғалдықпен қоғамтанушы ғалымдарды бұл іске тарту, жаһандық жылыну мәселесінде «бұқараның сауатын ашуға» жәрдемдеседі деп есептелді. Әлеуметтанулық болашақтың бәсеңдеп, жеке тұлғаларды көмірқышқыл газын бөлуші бастапқы агент ретінде қарастыруға басымдық беру, әлеуметтік құрылымға индивидтердің кірігуінің әлеуметтанулық мәнін ескермеу—көмір қышқыл газын бөлуді әлеуметтік, экономикалық және саяси динамика арқылы қалай шектеуге болатындығына назар аудартқызбай отыр.

Көп жағдайда қоғамдық ғылымдарды климаттың өзгеруіне қатысты зерттеулерге тарту мақсатындағы күш-жігер «пост-саяси» позиция ретінде қабылданып, әдетте баяндамалар мен есептер түрінде климаттың өзгеруі мәселесін бейсаясиландыруды қамтиды. Мысалы, Климаттың өзгеруі бойынша үкіметаралық сарапшылар тобы (IPCC) климаттың өзгеруін бірінші кезекте табиғи феномен ретінде қарап, оны қандай да бір әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді қажет етпейтін, ғылыми деректердің, техникалық жетістіктер мен менеджерлік дағдылардың үйлесімі арқылы шешуге болатын және мұны саяси бәсекелестіктің тақырыбына айнала қоймайтын мәселе ретінде бағалайды.

Бұл тұрғыда Америка әлеуметтану қауымдастығы Жаһандық климат өзгерісі мен әлеуметтану бойынша мақсатты тобын құрып, климаттың өзгеруі мәселесіне қатысты сәлеуметтанулық талдауларды бағалау міндетін жүктеді. Мақсатты топ жетекшілері Америка әлеуметтану қауымдастығына есеп беруден де маңызды шаруалар атқаруымыз керек екендігін сезіндік, себебі біз климаттың өзгеруіне қатысты мәселенің тек әріптес әлеуметтанушылар арасында ғана емес, одан да кең аудитория үшін маңызды әлеуметтанулық болашағы бар екендігін көрсете алдық. Біздің Климаттың өзгеруі және қоғам: Әлеуметтанулық мүмкіндік атты жұмысымыз Оксфорд университеті баспасынан өткен тамыз айында Америка әлеуметтану қауымдастығының ресми публикациясы ретінде жарық көрді.

Климаттың өзгеруі және қоғам климаттың өзгеруінің шешуші аспектілеріне назар аударған әлеуметтанулық және өзге де қоғамдық ғылымдар зерттеулерін синтездеп, жинақтайды. 37 автордың қаламынан туған он үш тарауда климаттың өзгеруіне ықпал етуші күштер (нарықтық ұйымдар мен тұтынуға айырықша мән берілді); климаттың өзгеруінің басты салдары мен онымен күрес (әсіресе әділетсіз ықпал); әлеуметтік процестер-азаматтық қоғам, қоғамның қабылдауы мен осынау қатерге қоғамның нақты жауабына әсер ететін ұйымдасқан наразылықты сипаттайды. Климаттың өзгеруі мәселесін әлеуметтанулық зерттеудің әдіснамалық инновациялары мен теориялық мүмкіндігін баяндайтын соңғы тарау еңбекті қорытындылап тұр.

Еңбек климаттың өзгеруін зерттеуге қоғамдық ғылымдардың қатысуын кеңейтуге бағытталған үндеулерге жауап қатып, әлеуметтанулық талдаудың айырықша құндылығын көрсетеді.

Жаһандық климаттың өзгеруіндегі қозғаушы күштің әлеуметтік құрылым мен мекемелерге, мәдени құндылықтар мен идеологияға, әлеуметтік тәжірибеге араласып кетуіне байланысты жаһандық жылынуға бейімделу мен жағдайды жақсарту үшін аталған әлеуметтік процестерге түрлі масштабта, жаһандықтан локалдылыққа дейін біздің пән шеңберінде талдау жасау қажет. Зерттеудің екінші мақсаты осы тақырыптардың ішіне әлеуметтанулық зерттеулерді мейілінше көбірек тарту: әлеуметтану климаттың өзгеруіне байланысты деректер мен баяндамалар ұсыну арқылы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтану теориялары мен перспективалардан бастау алатын жаңа зерттеу тақырыптарын да қалыптастыра алады.

Әлеуметтанудың рөлі әлеуметтік сын ұсынуды да қамтуы мүмкін. Климаттың өзгеруіне байланысты жасалған талдаулар көбіне гегемонияға жақын сенімдермен шектелген; мысалы, қазіргідей неолиберал кезеңде көмір қышқыл газын бөлуді азайтуға қатысты шешімдерді тек нарыққа бейімделген саясат қана ұсына алады деген пікір кең тараған. Осынау ақтандақ нүктелер әрекет жасаудың мүмкіндігін шектейді, сондықтан ортақ сауалдарға тар аяда жауап беретін біржақты, пост-саяси ойлау шеңберінен тыс шыға отырып, әлеуметтану маңызды орынға көтеріледі.

Климаттың өзгеруі мәселелерін қарастыратын қоғамдық әлеуметтанудың құрамына экономикалық өсімнің дәстүрлі моделдерін сақтай отырып көмірқышқыл газының бөлінуін азайтуға қол жеткізу бойынша құжатталған қиындықтар (егер мүлдем мүмкін емес дүние болмаса) да кіреді, ал әлеуметтанулық нәтижелер климат мәселесіндегі қоғамдық пікірталасты күшейте алады. Климаттың өзгеруі мәселелері бойынша сыни көзқарасты қалыптастыру үшін зияткерлік кеңістікті қалыптастыру, біздің пәннің ең үлкен үлесі болуы тиіс және дүниежүзіндегі әлеуметтанушылар бұл жолда Америка әлеуметтану қауымдастығының мақсатты тобына қосылады деп үміт етеміз. ■

Хаттарды Райли Э.Данлоп <rdunlap@okstate.edu> пен Роберт Дж Брюллеге <brullerj@drexel.edu> жолдауға болады.

> Үндістандағы еркіндік пен зорлық-зомбылық



Төменде Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының Атқарушы комитетінің мәлімдемесі мен 200 үндістандық әлеуметтанушының Үндістан Президентіне 2016 жылдың 6 наурызында жолдаған хатын ұсынып отырмыз. Олар ертеректе үндістандық кампустарда орын алған академиялық еркіндіктің бұзылуына қарсылықтарын білдіретінін жазған. Хат нақты бір оқиғаларға қатысты жазылғанымен, кампустар мен одан тыс жерлердегі әлеуметтанушылардың ой еркіндігіне алаңдаушылығын көрсететін тарихи маңызды құжат саналады.

Хайдарабадта Рохит Вемулдің қайтыс болуына байланысты наразылық шарасы кезіндегі Хайдарабадтағы университет студенттерімен вице-президент Рахул Гандидің конгресс партиясы, қаңтар, 2016 жыл.

жап және азшыл студенттер жағдайы ерекше назар аудартуды қажет етеді.

Біз қалай да болмасын Үндістан Конституциясындағы плюралисттік қағидағи ұстану және мемлекетті дінмен байланыстырудан бас тартуды қолдаймыз.

Жоғары білім беру мекемесінің қабырғасында және одан тыс жерлерде зияткерлерге қарсы дербес және ұжымдық пікірталастар жүргізу мен сынау әрекеттері орын алған жағдайда, кәсіби қауымдастық мүшелері болғандықтан біздің жауапкершілігіміздің маңызы жоғары. Әлеуметтанушы ретінде пікір еркіндігі мен басқаша ойлауға, кедергісіз шабуылға бей-жай қарауды Аматрия Сеннің шыдамсыздыққа шыдамдылық таныту деген сөзімен мағыналас деп қарастырамыз.

Біз билеуші Бахарті Джаната партиясының студенттер канаты мүшелерінің әлеуметтану профессорлары Вивек Кумар және Раджеш Мишраға шабуылына қарсылық ретінде Үндістанның 200-ден астам әлеуметтанушысы қол қойған петицияны Президентке ұсынамыз. Университет – еркін әрі ақпараттанған пікірталас және өзара білім алу алаңы. Университет кампустарындағы жағдайдың ушығуы және ашық әрі еркін талқылау кеңістігінің тарылуы, әсіресе Хиндутва саясатына қарсылықты көтермеуі,

> Халықаралық Әлеуметтанушылар Қауымдастығының мәлімдемесі

Біз, Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының Атқарушы комитетінің мүшелері, күннен күнге күрделеніп отырған оңшыл фундаменталистік зорлық пен кемсітушілік оппозиция-сына қарсы топтық шабуыл мен зорлық тұрғысында пікір білдіру мен өмір салты еркіндігінің құқығы үшін күресіп жүрген студенттер, оқытушылар, жазушылар мен шығармашылық топтарды қолдай-тынымызды білдіреміз.

Үндістандағы тобырдың азшылыққа

шабуылы мен тамақ еркіндігін («сиыр етін шектеу» деп кәте көрсетіліп келе жатқан) шектеу мәселелеріне алаңдаулымыз. Электронды бұқаралық ақпарат құралдарының оңшыл мажоритарлы ұлтшылдықты қолдап, зияткерлер, студенттер және басқа қорғаушыларға әдепсіз ақпарат тарату арқылы шабуылдайтын насихат машинасына айналуы бұрын соңды болмаған жағдай және бұл үлкен алаңдатушылық туындатып отыр. Халықтың әлжуаз әлеуметтік тобы ретінде студенттер, әсіресе dalit-bahu-

>>

іргелі еркіндік пен сөз бостандығы халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының алаңдаушылығына түрткі болып отыр.

Хайдарабад университетінің Әлеуметтік ғылымдар мектебінің докторы Рохит Вемуланың және сол сияқты төрт адамның жатақханадан қуылуы, университет кампусындағы оларға қарсы қарсылықтар салдарынан 2016 жылдың қаңтарында өз-өзіне қол жұмсауы (аталмыш университет қабырғасындағы «Далит бахуджан» әлеуметтік тобына кіретін докторлардың өз өмірімен қоштасқан тоғызыншы оқиғасы) – жүйелі кемсіту тамырының қаншалықты терең және қайғылы екендігінің белгісі. Соңғы бірнеше жылдағы сараптама бойынша жоғары білім беру ордаларындағы әлеуметтік осал топтардан шыққан студенттер қатарының артуы нәтижесі ретінде ел аумағындағы университет қалашықтарында пікір таластар

артып отырғанда, Рохит Вемуланың өлімі елде және одан тыс аймақтар студенттері арасында, әсіресе білім беру жүйесінде ерекше жауыздықпен кемсіту ауыртпашылықтарын тартып жүрген далит бахуджандық студенттердің бұрын сонды болмаған қарсылығын тудырды.

Үндістанның бүкіл аймақтарындағы кішігірім колледждер мен ірі университеттердегі оқытушылар мен студенттердің кастаға қарсы философия мен өмірлік ұстанымдар арқылы касталық кемсіту және мажоритаризмге күмән келтіруде оңшылдар тарапынан келген толассыз шабуылдардан тайсалмай атқарып отырған жұмыстарын жоғары бағалаймыз. Белгілі Тамиль жазушысы әрі колледж оқытушысы Перумал Муруганның өз қаласын тастап, астанаға көшуге мәжбүр болу тәжірибесі – көп мысалдың бірі ғана. Рохит және сол сияқты жас

ғалымдардың шешендігі мен терең ойының арқасында Хиндутва саясаты мен оның салдарын зерделі сынаудың субконтиненттегі жаңа дәстүрінің қалыптасқанын атап кеткеніміз жөн.

Джавахарлал Нехру университетінің студенттері мен оқытушыларының жүргізіп отырған күрестерін қолдап, олардың ашық дәрістер арқылы ұлтшылдық сияқты күрделі мәселелер туралы қоғамдық пікірталастарды қолдаудағы ықпалдарын жоғары бағалаймыз. Рохит Вемула және сол сияқты елдің барлық кампустарындағы студенттер мен ғалымдардың күрес жолында, әсіресе академия мен сыртқы әлемді байланыстырудағы атқарып жатқан еңбектерін ресми түрде мойындаймыз. ■

> Үндістандық әлеуметтанушылардың Үндістан Президентіне хаты

4 мамыр 2016 ж.

Шри Пранаб Мукерджи
Үндістан Президенті
Раштрапати Ниуас
Нью-Дели

Құрметті Шри Пранаб Мукерджи:

Біз, петицияға қол қойған әлеуметтанушылар, оның ішінде Үндістанның барлық аймақтарының университеттері мен институттарында қызмет атқарып жүрген және зейнетке шыққан оқытушылар мен зерттеушілер, елде орын алып отырған жағдайды мазасыздана қабылдап, келесі мәлімдемені халыққа жеткізуді аса қажетті деп таптық:

Үндістан Конституциясы әрбір азаматтың өз сенімі және оны бейбіт білдіру құқығына кепілдік береді. Біз университет пен академияны осы құқықты жүзеге асыратын өмірлік маңызды орын ретінде қолдап, автономиясын табанды түрде қолдаймыз. Мұқият қарағанда, билік пен полиция қолдауына ие ұйымдардың студенттер, оқытушылар құрамына шабуылдарының артуы бізді қатты мазалайды. Студенттер мен оқытушылар өз идеялары мен позициялары үшін қорқыту, зорлық пен шабуылға тап болып жатқанда, қастандық жасаушылардың заңнан иммунитеті болып отыр.

Атап айтқанда, әріптестеріміз профессор Вивек Кумар (JNU) және профессор Раджеш Мишраны (Лакхнау университеті) қолдау үшін жазып отырмыз. 21 ақпан күні Гвалиор университетіндегі бір шараға баяндамашы ретінде шақырылған профессор Кумардың сөзін ABVP күштеп тоқтатты. Ал, Профессор Мишраға газет бетіне шыққан мақаласын Facebook-тегі парақшасына тіркегені үшін ABVP қоқан-лоқы көрсеткен, оның үстіне, университет басшылары одан қорқытқандар туралы сұраудың орнына мақаласы туралы түсініктеме беруін талап еткен.

Біз, ғалымдар әлеуметтік мәселелер жөнінде еркін айта, жаза және ойлай алуы тиіс әрі осы жолда олардың аузына ешкім қаппақ болмау қажет деген нық сенімдеміз. Академиялық еркіндікті шектеу – ұлттық мүддеге қиянат, біздің әрқилы қоғамымызды ұжымдық талдап түсіну қабілетімізден айыру. Сондай-ақ, тәуелсіз Үндістанның көптеген қоғамдық дискурсы мен ұлттық қозғалысын байытқан ғылыми, сыни ағымдарды дүниеге әкелген академиялық дәстүрімізге сенімімізді растаймыз. ■

> Зерттеу жазбалары:

қисын мен тәжірибе

Раевин Коннелл, Сидней университеті, Австралия және ХӘҚ Әйелдер және қоғам (ЗК32), Концепциялық және терминологиялық талдау (ЗК35) зерттеу комитеттерінің мүшесі



Періште Әулие Матвейді Евангелиені жазуға шабыттандыруда.

Екі аңыз да әртүрлі жағдайда жеткілікті ақиқатты ақылға қонымды деңгейде көрсете алады. Көптеген жазбалар іс жүзінде біреудің қолына қалам алып немесе компьютермен жеке өз ойларымен арпалысып отырған сәттерінде дүниеге келген. Уақыт өте, ғылыми зерттеулер үшін еңбек жазу конкурстық негізде және коммерцияланған кәсіпке айналды.

Бірақ, екі аңыз да жазудың ақиқатын қауіпті жолдармен бұрмалайды. Жоғары әлеуметтік процесте жеке данышпандық немесе табыс екеуі де іс жүзінде бірге қарастырылады. Екеуі де жазудың коммуникация туралы іргелі дерек екенін назарға алмайды. Екеуі де кез келген пәнде зерттеу жұмыстары үшін жазу білімді даярлау мен таратудың ұжымдық процесінің бір бөлшегі екенін ескермейді.

Әлеуметтануда немесе кез келген өзге пәнде мәселелерді жазу осы себептен ұжымдық процестерде маңызды орынға ие болады. Жас зерттеушілер үшін еркін түрде сияқты болып көрінетін зерттеудің жазбаша жұмыстарының көптеген ерекшеліктері біз алға қойған міндеттердің әлеуметтік аспектілерін қарастырған кезде ғана белгілі бір мәнге ие болады.

Ғылыми жазбаның саясатын тек қатысушы әлеуметтік институттар мен құрылымдар туралы ойлау арқылы ғана түсіне аламыз. Бұл журналдардың коммерциялануы мен «лига кестесінің» ықпалын, зияткерлік еңбекпен айналысатын қызметкерлер жұмысының тұрақсыздығын, мойындаудың, бедел мен ресурстардың жаһандық иерархиясын, интернетте пайдаланылу мен тәуекелдерді, білімді қалыптастыру мен айналымының демократиялану процесін қамтиды.

> Жазуға көзқарас

Мәселенің кілті жазуды қоғамдық еңбектің түрі ретінде тануда жатыр. Бұл — еңбек және оның еңбек екенін біз тамаша әдеби мәтіндерден де көрсете аламыз. Жазу туралы ойлана отырып, өнеркәсіп әлеуметтануынан идеялар алу пайдалы. Бәрінен бұрын бұл бізді оған қатысы бар жұмысшылар туралы: олардың құрамы, еңбек акысы мен еңбек ету жағдайы, технологиялар мени өзге ресурстар, бақылау мен автономия жөнінде ойлануға итермелейді.

Сөз жоқ, жазу - еңбектің маманданған қалпы. Ол әсіресе

> Аңыз бен ақиқат

Жазудың болмысын бұрмалайтын екі үлкен аңыз бар - көне және жаңа аңыз. Көне аңыз жазуды шабыт пен дарыннан бастау алатын қарапайым дүние ретінде түсіндіреді. Біреулер тамаша бір таңда қаламын қолына алып жазуға отырғаны сол екен құдайдың құдіретімен Муза құлағына сыбырайды да керемет мәтіндер ақ қағазға төгіліп сала береді. Мұның қалай болатын түсінбейді. Мұндайда біз күндердің күнінде Муза біздің де құлағымызға сыбырайды деген үмітпен таң қалудан басқа ештеңе жасай алмаймыз.

Жаңа аңыз соншама поэтикалық емес. Ол бәсекелестікке үйір екендігі байқалып тұратын неолиберал менеджерлердің санасында пайда болып, жетілген. Бұл мифте жазу дегеніміз жеке адамдар өндіріп, табысқа жету үшін бәсекелестік жағдайында сатуға болатын нарықтық өнімнен басқа ештеңе емес. Ең жақсы табыс атақ-даңқ пен қызметтік өсу тұрғысынан қарастырғанда беделді журналдарға бағыт ұстаудан басталады.

коммуникациялық жұмыс, сондықтан коммуникация әлеуметтануынан идеялар алу да пайдалы болмақ. Бұлардан бөлек, бұл бізді жазбаның кез келген бөлімінің аудиториясы туралы, аудиторияға қалай жететіні және жазбаның оқырманға қалай әсер ететіні туралы ойлануға мәжбүрлейді. Бұл зерттеушілердің жазбаны кімдерге арналатынын ойлануы үшін маңызды, өйткені бұл ұғым жазылатын құжатты да қалыптастырады.

Зерттеу жұмыстарын жазу - коммуникацияның айырықша және өте мұқият назар аударуды қажет ететін түрі. Бұл - ғылым жасаудың ұжымдық процесінің бір бөлшегі, сондықтан зияткерлер әлеуметтануы мен білім әлеуметтануынан (постколониалдық кезеңнің қайта түрлену алаңы ретінде) идеялар қолдану да пайдалы. Жазушының бұрын және болашақта жұмыс жасаушылармен қарым-қатынасының бірдей болуы маңызды; себебі олар жұмысқа қатысы бар эпистемалар мен ақпараттар шеңберіне кіреді.

Осы жағдайда, біз зерттеу еңбектерін жазуға аса құпия сыр ретінде емес, ақылға қонымды еңбек процесі ретінде қарай аламыз. Бұл еңбектегі түрлі жанрлар түрлі аудитория мен стилдерді қамтиды. Өзге еңбек түрлері сияқты жазу да үйренуге және түзетуге болатын тәжірибелерді қамтиды. Сонымен қатар, өзге де еңбек түрлері сияқты ол да талқылау мен ойлау үшін жақсы болып саналатын тың және мақсатты элементтерді қамтиды.


Соңғы он екі жылда мен көптеген университеттер мен конференцияларда жазу бойынша тегін белсенді семинарларды өткіздім. Олар қатысушыларға бәсекеге қабілетті тауарлар мен нысаналарды үздік журналдарға қалай жеткізуге болатынын үйрететін семинарлар емес. Мүлдем керісінше! Семинарлар қарапайым ғана сипатталған идеялар негізінде ұйымдастырылды: ұйымдасқан білімді қалыптастыру өз табиғатына сәйкес әлеуметтік, біріккен процесс болып табылады және жазу осынау алып өнеркәсіпте шешуші орынға ие.

> Зерттеу еңбегін жазу бойынша қысқаша нұсқаулық

Соңғы бірнеше айда мен сол семинарлардағы идеяларды блог мақалалары ретінде қайта сараптап, Creative Commons лицензиясымен электронды кітапша ретінде қайта өңдеп, жарияландым.

Зерттеу еңбегін жазу: Принциптер мен тәжірибе бойынша кеңестер деп аталатын кітапша 47 беттен тұрады (драмалық иллюстрацияларды қоса есептегенде) және менің веб-сайтымнан тегін көшіріп алуға болады <http://www.raewynconnell.net/p/writing-for-research.html>. Бұл мәтінді жүктеп алуға, қалаған адам еркін пайдалануға болады, оны коммерциялық емес мақсатта қайта шығаруға да рұқсат бердім.

Кітапшада менің жазушы ретіндегі жеке тәжірибеме негізделі отырып, ғылыми еңбек жазу негіздері мен жанрлары; журналдық мақалаларды жазудың тәжірибелік аспектілері талқыланды және жазу саясатындағы негізгі



Улисс Джеймс Джойс манускриптінің бөлігі.

мәселелер қамтылған. Мынау еңбектің қысқаша мазмұны:

Бірінші бөлім: Жазу туралы

1. Жазу табиғаты
2. Зерттеу коммуникациясы, әлеуметтік шындық
3. Зерттеу мақаласын жазу жанрлары

Екінші бөлім: Журнал мақаласын қалай жазуға болады-тәжірибелік сатылар

Квинтэссенция; дәлел-құрылым; бірінші жобасы; қайта қарау; презентация; басылым

Үшінші бөлім: Үлкен сурет

1. Жазу бағдарламалары
2. Неге жасайды? Оны пайдалы ететін не?
3. Бірқатар дерек көздері

Мен өзге білікті зерттеушілерді өздерінің тәжірибелерімен және ойларымен бөлісуге, сауда туралы ұғымдарды қалыптастыруға көмектесуге шақырамын және бұл мәтінге орай өзара байланыс орнағанын қоштаймын. ■

Хаттарды Раевин Коннеллге <raewyn.connell@sydney.edu.au> жолдауға болады.

> Қазақ тобымен таныстыру

«Жаһандық диалог» журналының қазақ тілінде жарық көруін қамтамасыз ететін жұмыс тобы 2015 жылы Айгүл Забированың ұйытқы болуымен және тікелей басшылығымен қызметін бастаған. Олар «Жаһандық диалог» материалдарын қазақ тіліне аударудың түрлі қиындықтарына қарамастан, айырықша табандылықпен журналдың Қазақстанда таралуына жол ашты.



Айгүл Забирова - Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі Әлеуметтану кафедрасын құрушы, әлеуметтану профессоры. Мәскеуде біліп алып, әлеуметтану ғылымдарының докторы атағын Ресей ғылым академиясының Әлеуметтану институтында қорғаған (Мәскеу 2004 жыл). Қазіргі зерттеу жұмыстары Қазақстан мен Қырғызстандағы жеке үй қожалықтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайларына арналған, «Жалақы жеткіліксіз болғанда: Орталық Азиядағы жеке үй қожалықтары» (Верлаг, 2015 жылғы мамыр айы) деген атпен жарық көрген еңбектің бірлескен авторы.

Айгүл қала әлеуметтануы мен әлеуметтік теориялардағы бағыттардың алуан түрлілігі тақырыбында дәріс оқиды, оның зерттеулері мен мақалалары бірінші кезекте посткеңестік кеңістіктегі бірегейлену саясаты мен Орталық Азиядағы урбандану және көші-қон мәселелеріне бағытталған. МакАртур қоры (2000-01, 2002-03), INTAS (2005-07), TACIS (2007), Фольксваген қоры (2011-13), Ашық қоғам институты (2001-03), Орталық Еуропа университеті (2001.2008) тәрізді бірқатар халықаралық жүлделер мен стипендиялардың, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сыйлықтары мен стипендияларының иегері атанған. Лондондағы Шығыс және Африка зерттеу мектебінде (2011), Швециядағы Лунд университетінде (2008), Ұлыбританиядағы Уорвик университетінде (2007), АҚШ-тың Индиана университетінде (2002) ғылыми зерттеулермен айналысты. Айгүл Забирова - Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының 2010 жылдан бері мүшесі.



Баян Смағамбет - Еуразия Ұлттық университетіндегі Әлеуметтану кафедрасының доценті. Алматыда оқып, Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын 1998 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қорғаған. Әлеуметтану тарихы мен экономикалық әлеуметтанудан дәріс оқиды. Баян Смағамбет - қазақ тілінде жарық көрген «Шетелдік әлеуметтану тарихы», «Экономикалық әлеуметтану» сынды бірқатар оқулықтар мен 20-дан астам ғылыми мақаланың авторы.



Әділ Родионов - Еуразия Ұлттық университетіндегі Әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы. Сонымен қатар қазақстандық зерттеу орталықтарының бірі «Еуразиялық интеграция институтында» қызмет етеді. Әлеуметтану докторы атағын 2009 жылы Еуразия Ұлттық университетінде алды. Орталық Еуропа университетінде (Будапешт, Венгрия, 2013-14 жж) ғылыми зерттеулер жүргізді. Әлеуметтік желілер, азаматтық қоғам және қоғамдық ғылымдар тарихы салаларында зерттеулер жүргізіп келеді. Қазіргі зерттеу жобасы Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдар желілері тақырыбына арналған. Жобаның синопсисін мына электронды мекен-жайдан көруге болады: http://e-evaluation.kz/social_capital_en.html.



Мадиярбеков Ғани 2010 жылы әлеуметтану магистрі ғылыми дәрежесін алған Еуразия Ұлттық университетіндегі Әлеуметтану кафедрасында оқытушы болып еңбек етеді. Теориялық әлеуметтану, қоғамның құрылымы мен стратификациясы, экономикалық әлеуметтану, элитология, миграция әлеуметтануы және әлеуметтануға кіріспе пәндерінен дәріс береді. Қазір жұмыс орындарындағы билік динамикасы мен еңбекті бақылаудың түрлі менеджерлік формаларына, сонымен қатар Карл Маркстің теорияларына көңіл бөлуде.